


## #ЖаңаҚазақстан

Мен Әулиетәудің етегінде  
Мемлекеттік рәміздер  
алаңын ашуды  
тапсырамын. Қасиетті  
өңірде Көк байрағымыз  
асқақтап тұруға тиіс. Сол  
арқылы ұрпақтар  
сабақтастығы жалғасып  
жатқанын көрсетеміз.  
Тамыры терең  
мемлекеттігіміздің жаңа  
дәуірі басталғанын  
білдіреміз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

## ҚАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



Ескерткішке айналған ерлік

ОСЫДАН 81  
ЖЫЛ БҰРЫН... 7

## МӘСЕЛЕ



1418  
КҮН МЕН ТҮН 8

## ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ!

## ШАҒАР БАСШЫСЫМЕН КЕЗДЕСУ

2022 жылғы 23 маусымда,  
сағат 15.00-де Алматы  
қаласының әкімі  
Ерболат Досаев Алмалы  
ауданының тұрғындарымен  
Шевченко көшесі, 97  
мекенжайындағы  
Логистика және көлік  
академиясында кездеседі.

## KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша  
ауа райы болжамы  
(бүгін және ертең)

21.06.2022

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты,  
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+27+29 °C

Көшпелі бұлтты,  
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

22.06.2022

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта  
жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+30+32 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта  
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №70 (6205) 21 маусым, сейсенбі, 2022 жыл.

## ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

# БЮДЖЕТ НАҚТЫЛАНДЫ

Ерболат Досаев мәслихат депутаттарымен бюджетті және қала  
құрылысының жаңа регламенттерін талқылады



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың қатысуымен ағымдағы жылға арналған жергілікті  
бюджетті нақтылау бойынша мәслихаттың XXII сессиясы өтті.

Бюджетке түзетулер ең алдымен Алматы тұрғындарының өтініштері мен тілектерін ескере отырып,  
әлеуметтік басымдықтарды іске асыруға бағытталған. Сессияда Алматы мәслихаты 2022 жылға  
арналған нақтыланған жергілікті бюджеттің жобасын қолдады.

## БАСПАНА

# «БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ» ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«Отбасы банк» 2 пайыздық «Бақытты отбасы» бағдарламасы  
бойынша өтінімдер қабылдауды бастады. Бағдарламаға қатысуға  
өтінімдер 20 маусым мен 19 шілде (қоса алғанда) аралығында  
otbasybank.kz платформасында қабылданады.

## ҚЫСҚА...

- Бүгін Президент Қатар Әмірі шейх Тамим бен Хамад Әл Тәнидің жеке шақыруымен Дохада өтетін «Жаһандық экономиканы қалыпқа келтіруде теңдікке қол жеткізу» атты екінші Қатар экономикалық форумына қатысады.
- Қазақстан Иран елінің азаматтары үшін 14 күндік визасыз режим енгізді.
- Президент 24 маусымда Жаһандық даму жөніндегі жоғары деңгейдегі «БРИКС+» диалогының саммитіне қатысады.
- Ұлттық банк лездік төлемдер жүйесін қолданысқа енгізді.
- Алматыда бес жаңа мектеп салынады.
- 2022 жылғы қаңтар-мамыр аралығында Қазақстанда 4740 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

www.almaty-akshamy.kz







## «АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

## ■ ПРЕЗИДЕНТ

Ақорда осы аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өтетін іс-шаралар кестесін жариялады.

Бүгін, 21 маусымда Президент Ақордада Қазақстан шахмат федерациясының өкілдерімен және отандық танымал шахматистермен кездеседі.

23 маусымда Мемлекет басшысы Қазақстан полициясының 30 жылдығына арналған салтанатты іс-шараға қатысады.

24 маусымда Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің шақыруымен Жаһандық даму жөніндегі жоғары деңгейдегі «БРИКС+» диалогының саммитінде бейнебайланыс арқылы сөз сөйлейді.

## ■ ҮКІМЕТ

Үкіметтің 2021 жылғы бюджеттің атқарылуы туралы есебі бойынша Қазақстан Парламенті палаталарының бірлескен отырысы өтті.

Негізгі баяндаманы ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев жасады. Оның айтуынша, республикалық бюджеттің негізгі параметрлері орындалды. «Жалпы, мемлекет өзінің әлеуметтік және басқа да міндеттемелерін толық көлемде орындады», – деді Қаржы министрі.

Түсімдер 100,8% орындаумен 12,7 трлн теңгені құрады. Шығыстар 99,2%-ға игерілді және 15,2 трлн теңгені құрады. Бюджет тапшылығы ЖІӨ-ге қатысты 3,1%-ды құрады. 2021 жылы ЖІӨ өсімі 4%-ды құрады. Экономиканың барлық базалық салаларында оң нәтижеге қол жеткізілді. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі – 3,5%-ға ұлғайды. Инфляция деңгейі – 8,4%-ды құрады (нысаналы дәліз 4–6%-дан асты). Жұмыссыздық – 4,9% деңгейінде сақталды.

## ■ СЕНАТ

Сенаттың Баспасөз қызметі хабарлағандай, Парламент Сенаты Бюросының мүшелері 2022 жылғы 23 маусымға жоспарланған Палата отырысының күн тәртібін бекітті.

Сенаттың кезекті отырысында бірқатар сала бойынша заң жобаларын қарау жоспарланып отыр.

Депутаттар кеше Қазақстан Парламенті палаталарының бірлескен отырысында Үкіметтің 2021 жылғы бюджеттің атқарылуы туралы есебін қабылдады.

## ■ ТӨРАҒА

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Олжас Бектеновті Мемлекет басшысына елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша қабылданып жатқан шаралар жөнінде баяндап, қылмыстық істерді тергеу барысы және келтірілген шығынды өтеу шаралары жөнінде ақпарат берді. Елден заңсыз жылыстатылған қаржы активтерін қайтару туралы да айтылды.

Агенттік төрағасының хабарлауынша, аталған шаралар аясында халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жұмыстары жалғасуда. Қазақстанның Еуропа кеңесінің сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік жөніндегі конвенциясына қосылуы, жемқорлардың көлеңкелі табыстарын ашу ісіндегі тиімді әдістердің бірі болмақ.

Бұдан бөлек, Президенттің тапсырмасына сәйкес Агенттік «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, шенеуніктердің бизнеске заңсыз араласуын болдырмау жөніндегі қорғау тетіктері бойынша шаралар кешенін әзірледі.

Төраға мәліметіне сәйкес, алты айда 1200 сыбайлас жемқорлыққа қатысты іс қозғалып, 750 лауазымды тұлғаның қылмысы әшкереленген.

## ■ ЕСЕП КОМИТЕТІ

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің төрағасы Наталья Годунова Парламенттің бірлескен отырысында Ұлттық қордан алынған қаражат түскен кірістен асып кеткенін мәлімдеді.

«Мемлекет басшысының республикалық бюджет Ұлттық қордың қаражатына арқа сүйемеуі керектігі туралы тапсырмасына қарамастан, 2021 жылы 4,5 трлн теңге жұмсалды. Ал бұл кезеңде Ұлттық қорға 4,3 трлн теңге ғана кіріс түскен», – деді Наталья Годунова.

## ■ ПОЛИЦИЯ

«Қарасора–2022» жедел алдын алу іс-шарасы аясында ел аумағында есірткіге қатысты 138 қылмыс ашылған. Бұл туралы Ішкі істер министрлігінің өкілі Шұғыла Тұрлыбек мәлімдеді.

«Қазақстанда кең ауқымды «Қарасора–2022» жедел алдын алу іс-шарасы жалғасып жатыр. Операцияны Ішкі істер министрлігі жыл сайын 1 маусымнан 30 қазанға дейін өткізеді. Операция басталғаннан бері есірткі қылмысының 138 фактісі анықталды. Оның ішінде 62-сі – есірткі өткізу, 15-і – аса ірі мөлшерде есірткі заттарын сақтау, 43-і – құрамында есірткі бар тыйым салынған есімдіктерді өсіру және 10-ы есірткі контрабандасына қатысты», деді спикер. Оның айтуынша, заңсыз айналымнан 383 келі есірткі заты тәркіленген.

## ■ МЕРЕЙ

## ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

Шаһар басшысы медицина қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтады



Алматыда Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрында қала басшысы Ерболат Досаевтың қатысуымен Медицина қызметкері күніне арналған салтанатты жиын өтті.

Ақтолық  
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Мерекелік іс-шара барысында денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне құрмет көрсетілді.

Ерболат Досаев дәрігерлерді кәсіби мерекелерімен құттықтап, халықтың денсаулығын қамтамасыз ету және азаматтардың өмірін сақтап қалу жолындағы жанқиярлық еңбектері үшін алғысын білдірді. Бұл мереке медицина қызметкері еңбегінің қаншалықты баға жетпес және маңызды екенін еске салады деп атап өтті.

Алматы қаласының әкімі қазіргі уақытта денсаулық сақтау жүйесін жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі кешенді бағдарламасын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын, ол бірінші кезекте алғашқы медициналық-санитарлық көмектің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыруға, инфрақұрылымды жаңғыртуға және жаңа медициналық қызметтерді енгізуге, сондай-ақ көпсалалы ауруханалар мен тағы басқаларында жаңа технологияларды енгізуге бағытталғанын айтты.

Жалпы, биылғы жылы Алматы қаласының денсаулық сақтау жүйесіне жергілікті бюджеттен тартылатын инвестицияның жалпы көлемі шамамен 35 миллиард теңгені құрайды. Жалпы, бүгінде қаланың денсаулық сақтау жүйесінде 182 медициналық ұйым бар, онда 38 мыңнан астам маман жұмыс істейді.

## ■ ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

## БЮДЖЕТ НАҚТЫЛАНДЫ

Ерболат Досаев мәслихат депутаттарымен бюджетті және қала құрылысының жаңа регламенттерін талқылады



Гүлжанат  
СЕМБАЕВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәслихат сессиясында қаланың дамуына ықпал ететін бірқатар мәселе қаралды. Жыл басынан бері әртүрлі арналар, «Open Almaty» қоғамдық қабылдауы мен әлеуметтік желілер арқылы, сондай-ақ шаһар басшысының тұрғындармен тұрақты кездесулері барысында әкімдікке 77 мыңнан астам өтініш келіп түскен.

Жаңа оқу жылында 3 жаңа мектеп ашу жоспарлануда, олар «Қалқаман» ықшамауданында (1800 оқушы орны), «Саялы» ықшамауданында (1800 орын), «Томирис» ықшамауданында (1500 орын). Аталған оқу орындарының жұмыс істеуі үшін, оның ішінде мұғалімдердің жалақысына жыл соңына дейін 308 млн теңге бөлінеді.

## 7500 орынды 5 мектеп салынбақ

Сессияда қала әкімі қаланың негізгі мәселелерін шешуге бағытталған қалалық бюджетке ұсынылып отырған түзетулерді хабарлады.

«Халық санының өсуі мен оқушы орындарының тапшылығын ескере отырып, білім беру саласына қосымша 14,3 млрд теңге қарастырылуда. Бұл қаражат Наурызбай, Түркісіб және Алатау аудандарында 7500 орынды 5 мектеп салуға (5,5 млрд теңге), сондай-ақ 19 білім беру нысанына (15 мектеп, 4 балабақша) жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге бағытталады.

Сонымен қатар, біз мұғалімдерге ғылыми дәрежелері, тәлімгерлік, кешкі оқу, ғылыми дәреже, тәлімгерлік, ескере отырып, білім беру саласына қосымша 14,3 млрд теңге қарастырылуда. Бұл қаражат Наурызбай, Түркісіб және Алатау аудандарында 7500 орынды 5 мектеп салуға (5,5 млрд теңге), сондай-ақ 19 білім беру нысанына (15 мектеп, 4 балабақша) жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге бағытталады.

Сондай-ақ, ол Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Алматыда 44 мыңнан астам бала 594 спорт секциясына тегін баратынын, бір уақытта 56 мың бала 1179 шығармашылық үйірмеге қатысатынын әрі бұл бастаманы алматылықтар жақсы бағалап отырғанын айта кетті.

## Art Sport бағдарламасына 4,5 млрд теңге қарастырылмақ

Жергілікті бюджеттен қосымша шығындарға қаржы қарастырылған, мысалы, кешкі оқу, ғылыми дәреже, тәлімгерлік, мектепке дейінгі оқыту, мұғалімдердің жалақысына және басқа шығындарға, Президенттің тапсырмасын орындау мақсатында Art Sport бағдарламасын одан әрі іске асыру үшін Алматыда ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне дейін 4,5 млрд теңге бөлу жоспарлануда.

Кеңейтілген медициналық көмек көрсету мақсатында Түркісіб, Алатау, Жетісу аудандарында 4 отбасылық-дәрігерлік амбулатория салуға қаражат қарастырылған. Балалар шұғыл медициналық көмек орталығының операциялық блогы бар қабылдау бөлімшесінің құрылысы жалғасуда.

Наурызбай ауданының 100 мың тұрғыны үшін жылумен жабдықтау қуатын ұлғайта отырып, қазандықты кеңейту аяқталуда. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында жұмыс істейтін жастар үшін тұрғын үй (1050 пәтер) сатып алу қарастырылады.

Сонымен қатар, инженерлік желілерді, жол және көлік инфрақұрылымын одан әрі дамыту бойынша нақты шаралар көзделген. Қала көшелерін су басу мәселелерін шешу мақсатында арық желісін қалпына келтіру үшін қаражат қарастырылған.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

Қаланың қоғамдық көлік жүйесін дамыту үшін 50 жаңа троллейбус сатып алынады.

Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды тегін тасымалдаумен (инватакси) қосымша қамту және көлік санын екі есе – 46-дан 100-ге дейін арттыру жоспарлануда.

Азаматтардың жекелеген санаттарын қолдау мақсатында мәслихат 18 нозология бойынша 1 млрд теңгеден астам сомда тегін медициналық көмектің қосымша кепілдендірілген көлемін мақұлдады. Жоба негізінде сирек кездесетін аурулары бар Алматы тұрғындарына дәрілік заттармен көмек көрсету қарастырылған.

## Қала құрылысы регламенттерін іске асырудың жаңа жоспарын қабылдады

Өзгерістер мен толықтыруларды енгізудің мақсаттары мен міндеттері:

– жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, қала аумағының тұрақты даму процесін теңгерімді және құқықтық реттеу;

– тұрғындардың нақты және керек қажеттіліктеріне сәйкес сапалы қалалық ортаны құру мен дамытуға кешенді және жүйелі тәсілді қалыптастыру;

– ерекше сәулеттік, қала құрылыстық және құрылыстық реттеу аймақтарын белгілеуді қамтамасыз ету;

– стандарттарды енгізу, аумақты ұтымды және қауіпсіз пайдалануға және кейін де пайдалануға ұсынымдар мен талаптар.

Осыған орай, ШААЖ, әл-Фараби даңғылы, Саин және Жандосов көшелерінен жоғары тау беткейлері мен тау жыраларында қала шекарасына дейін көлбеуі 15 градустан жоғары кез келген ғимарат салуға тыйым салынады, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін бөлуге тыйым салынады, қоғамдық талқылаудан өту регламенті енгізіледі және 5 қабаттан жоғары тұрғын үй салған кезде қала құрылысы кеңесінің оң қорытындысын алу енгізіледі.

Осының бәрі тау бөктеріндегі аумақтардың тығыздалуын әрі ретсіз құрылыс салуды тоқтатуға, табиғи ландшафтты сақтауға, сондай-ақ көлік инфрақұрылымына жүктемені азайтуға, экологиялық жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді және құрылыс салынған аумақта нормативтік қажеттілікті ескере отырып, тиісті әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз етеді.

## Бюджеттен қосымша 4 млрд теңге бөлінеді

Сондай-ақ, қала әкімі Ерболат Досаев қаладағы азық-түлік бағасын тұрақтандыру үшін қанша қаражат жұмсалатынын айтты.

«Азық-түлік нарығындағы қалыптасатын жағдайды және бағаның өсуін ескере отырып, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру мақсатында бұрын бөлінген 11 млрд теңгеге қосымша 4 млрд теңге көзделген. Бұл қаражат қант, нан, ет, көкөніс пен сүт өнімдерінің бағасын тұрақтандыруға мүмкіндік береді», – деді қала әкімі мәслихат отырысында.



## ДЕНСАУЛЫҚ

## «САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН»

## ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК ПОЙЫЗЫ ЖОЛҒА ШЫҚТЫ



Кеше «Саламатты Қазақстан» мамандандырылған медициналық пойызы еліміздің шалғай станциялары мен жақын жердегі ауылдардың тұрғындарына тегін медициналық көмек көрсету үшін жолға шықты. Алматы облысының Байсерке станциясынан сапарға аттанған пойыз 20 маусым мен 2 қараша аралығында еліміздің 67 шалғай станциясына барады. Тізімде Алматы, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай және Қарағанды облыстары, сондай-ақ, үш жаңа өңір – Жетісу, Абай және Ұлытау облыстары бар.

«Саламатты Қазақстан» пойызының аға дәрігері Арман Исаяновтың айтуынша, «Саламатты Қазақстан» пойызы жапон және неміс өндірісінің медициналық жабдығымен қамтылған: қажет болған жағдайда кеңейтілген жалпы және биохимиялық талдауды, рентгенография мен флюорографияны, ішкі ағза мен тамырдың УДЗ-зерттеуін, электрокардиограмма және гастродуоденоскопияны, диагностикалық зерттеудің өзге де түрін жасауға мүмкіндік бар. Сонымен қатар, биыл стоматологиялық құрылғы да жаңартылған.

Медициналық пойыз арнайы жабдықталған дизель-генератор вагоны, 4 медициналық вагон, 1 конференц-зал және мейрамхана, 2 купе вагон секілді

8 мамандандырылған вагоннан тұрады. Дизель-генератор вагоны қажет болған жағдайда шағын елді мекенді электр энергиясымен қамтамасыз ете алады. Бұған қоса, пойыздар республиканың жетекші клиникаларымен телемедициналық консультациялар жүргізу үшін телефон байланысымен, интернет желісімен жабдықталған.

Қызметкерлер құрамы терапевт, педиатр, кардиолог, невропатолог, окулист, ЛОР, гинеколог, хирург, уролог, маммолог, стоматолог, рентгенолог, кардиолог, УДЗ дәрігері, эндоскопист, функционалдық диагностика дәрігері секілді білікті мамандардан құралған. Биыл медицина мамандарының құрамына психолог және дерматовенеролог қосылды, жобаға барлығы 36 маман

қатысады. Халық үшін маңызды қызмет тұрғындарға сапалы медициналық көмек алуға мүмкіндік береді. Өйткені, дәрігерлер бригадасы халыққа барлық қызметті тегін көрсетеді.

Айта кетейік, аталмыш жоба «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының атынан «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қаржылай қолдауымен, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің қатысуымен, «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ жанындағы «Әлеуметтік жобалар қоры» корпоративтік қорымен бірлесіп іске асырылып жатыр.

## КЕРЕК ДЕРЕК

- Жоба алғаш рет 2010 жылы іске қосылып, 2019 жылға дейін жыл сайын жүзеге асырылып келген.
- «Денсаулық», «Жәрдем» және «Саламатты Қазақстан» атты үш консультациялық-диагностикалық пойыз Қазақстанның шалғайда орналасқан 1700-ден аса елді мекенін аралаған.
- 488 881 тұрғынды (оның ішінде 101 614 бала бар) тексеруден өткізді.
- Дәрігерлер 1 647 138 диагностикалық ем-шара, 11 981 кіші амбулаториялық операция жүргізген.
- Маммолог мамандар 67 148 әйелді қабылдаса, жалпы адамдар дәрігердің қабылдауында 2 873 542 рет болған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

## САЯСАТ

## РЕФОРМАЛАРҒА ОҢ БАҒА БЕРІЛДІ

ҚР Сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметі АҚШ ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформаларын қолдайтынын хабарлады.

«Америка Құрама Штаттары Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси жаңғыру және адам құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіру жөніндегі реформаларын толық қолдайды. Сондай-ақ, 5 маусымда өткен референдумды осы реформаларды іске асырудағы кезекті қадам ретінде бағалайды», – деді АҚШ Мемлекеттік хатшысының Азаматтық қауіпсіздік, демократия және адам құқықтары жөніндегі орынбасары Узра Зей.

Оның бұл пікірі ҚР Президентінің Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі арнайы өкілі Ержан Қазыханға жолдаған хатында айтылған.

«Біз Қазақстанға мемлекеттік басқару жүйесін демократияландырудың, ашық және халық үніне құлақ асатын институттар құрудың, сондай-ақ дербес азаматтық қоғаммен бірлесіп адам құқықтарын қорғау саласын күшейтудің күрделі жолында әрдайым көмектесуге дайынбыз», – деп атап өтті Узра Зей.



Айта кеткен жөн, АҚШ Мемлекеттік хатшысының орынбасары Узра Зей 2022 жылдың көктемінде Қазақстанға келіп, 11 сәуірде Нұр-Сұлтанда ҚР Президентінің Арнайы өкілі Ержан Қазыханмен Адам құқықтары мен демократиялық реформалар жөніндегі жоғары деңгейдегі диалогтың алғашқы отырысына бірлесе төрағалық етті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Ағымдағы жылдың соңына дейін Наурызбай, Алатау және Түркісіб аудандарында 7500 ОРИНДЫ 5 МЕКТЕПТІҢ құрылысы аяқталады.



«Шаңырақ-1», «Алғабас» шағынаудандарының тұрғындары үшін сүмен жабдықтау желілерінің құрылысын аяқтауға 1,1 МЛРД ТЕҢГЕ бөлінеді.



Art Sport бағдарламасын одан әрі іске асыру үшін 1 қыркүйекке дейін 4,5 МЛРД ТЕҢГЕ қаражат бөлінеді.



Наурызбай ауданында 100 МЫҢ ТҮРҒЫНЫ үшін жылумен жабдықтайтын қазандықтың қуаттылығы артады.



Қаланың қоғамдық көлік жүйесін дамыту үшін 50 ЖАҢА ТРОЛЛЕЙБУС сатып алынады.





БАСПАНА



Айнұр  
СЕНБАЕВА

Өтініш беруші тұлға «Отбасы банкінің» клиенті болу керек және аутентификация кодын алу үшін ұялы телефон болса жеткілікті. Өтініш беру жүйесі автоматтандырылған дықтан банкке барудың қажеті жоқ.

Соңы. Басы 1-бетте.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ



## Сандық сауаттылық

Алматылықтар жыл басынан бері өзіне-өзі қызмет көрсету секторларынан жарты миллионнан аса қызмет алды



Динара  
МҰРАТ

Бүгінгі күні мемлекеттік қызметтердің 90%-дан астамын eGov порталында, eGov Mobile мобильдік қосымшасында және eGovKzBot2.0 телеграм ботында онлайн алуға болады. Сондай-ақ, соңғы жылдары Kaspi және Halyk Homebank банктік қосымшалары арқылы да қызмет алу мүмкіндігі туды. Бұдан басқа, мемлекеттік қызметтерді қашықтықтан алу үшін бүкіл республика бойынша өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары жұмыс істейді.

«Алматы қаласында 8 ХҚО мен 5 мамандандырылған ХҚО жұмыс істейді және олардың әрқайсысында өзіне-өзі қызмет көрсету секторлары бар. Оларда 100-ге жуық жұмыс орны ұйымдастырылып, азаматтарға кеңес беру үшін филиалдың 50-ден астам маманы жұмылдырылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету секторларында кез келген азамат электрондық кезек талонсыз мемлекеттік қызметтерді өз бетінше ала алады.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

## «САЛЫҚ БЕРЕШЕГІ ЖОҚ ҚАЛА» акциясы басталды

Алматыда 17 маусымнан «Салық берешегі жоқ қала» акциясы басталды. Акцияның мақсаты – автокөлік құралдары бойынша салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу болып табылады, деп хабарлайды «АҚШАМ-АҚПАРАТ» Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне (МКД) сілтеме жасап.

Акция аясында қалалық МКД өкілдері Алматы қаласының Полиция департаментімен және жеке сот орындаушыларымен бірлесіп, рейдтік іс-шаралар өткізеді. Оның барысында борышкерлердің автомобильдері «Сергек» бейнекамераларының көмегімен анықталады және берешек толық өтел-

генге дейін айыппұл тұрағына жөнелтіледі.

«Екі сағат ішінде 11 млн теңге қарызы бар оннан астам көлік айыппұл тұрағына қамалды. Бүгінгі күні қала бойынша көлік құралдарына салынатын салық бойынша берешек 5 млрд теңгеден астам соманы құрайды. Бұл ретте осы соманың негізгі бөлігі қозғалтқышының көлемі 4 мың текше см-ден асатын автокөлік иелеріне тиесілі», – деп хабарлады ведомстводан.

Салық берешегін E-Salyq Azamat мобильдік қосымшасы және екінші деңгейдегі банктердің қосымшалары арқылы Мемлекеттік кірістер комитетінің www.kgd.gov.kz интернет-ресурсында немесе 1414/3 бірыңғай байланыс орталығы арқылы тексеруге және төлеуге болатынын айта кеткен жөн.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

### №123 бағытта өзгеріс бар!

Левитан көшесінде кабель желілерін салу және қозғалыс жолағының жабылуына байланысты 2022 жылғы 21 және 22 маусымда №123 бағыттың қозғалыс схемасы уақытша өзгереді.

Солтүстік бағыттағы қозғалыс кезінде: Розыбакиев көшесі – Ходжанов көшесі – Гагарин даңғылы – одан әрі схема бойынша. Оңтүстік бағытта: өзгеріссіз. Уақытша қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз және жүрер жолдарыңызды алдын ала ойластырып алуларыңызды сұраймыз.

«АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ КӨЛІК ХОЛДИНГІ» ЖШС.

## «БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ» өтініш қабылдау басталды

Банктің хабарлауынша, осы бағдарлама бойынша үй алуға ниетті азаматтар жергілікті атқару органдарында кезекте тұруы керек. Екі пайыздық несиені толық емес отбасы, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасы және көпбалалы отбасылар ала алады.

Ипотекаға үй рәсімдегісі келетін азаматтар үйдің бағасының 10 пайызын алдын ала төлеуге міндетті. Несиені төлеу мерзімі – 18 жыл. Екі пайыздық несие бағдарламасы бойынша Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау, Атырау, Шымкент қалаларының тұрғындарына 15 миллион теңгеден бөлінсе, Қазақстанның басқа қалаларының тұрғындарына 10 миллион теңгеден бөлінеді.

Алғашқы күні «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша 350 адам өтініш беріп үлгерген. Өтініштер қабылданып біткен соң, яғни 19 шілдеден кейін негізгі және қосымша тізім жасалады. Негізгі тізімге бағдарлама бойынша өткен адамдар кіреді, тек банк олардың несиесі төлеуге қабілеттілігін растауы тиіс. Қосымша тізім – негізгі тізімдегі төлеу қабілеттері расталмаған жағдайда өткізілетін адамдардың тізімі.

Бүгінгі таңда біздің алдымызда үлкен міндет тұр – алматылықтарды мемлекеттік қызметтерді ХҚО-ға жүгінбей-ақ үйде немесе жұмыста өз бетінше алуға үйрету. Қызметтерді онлайн алу социальды қиын емес. Бірақ көп нәрсе адамның уақытын, өмірін басқаруға деген ниетіне байланысты... Біз жұмысымыздың нәтижелерін көріп те отырмыз. Жыл басынан бері өзіне-өзі қызмет көрсету секторларында алынған қызметтердің жалпы саны 0,5 млн-нан асты», – дейді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ Алматы қаласы филиалының директоры Абдурасул Құлдашов.

Бұдан басқа, Алматыда ХҚО-дан тыс 300-ге жуық eGov бұрышы жұмыс істейді. Онда азаматтар оператордың қатысуынсыз мемлекеттік қызметтерді өз бетінше ала алады, онлайн алуға үйренеді. Ондай бұрыштар әкімдіктердің ғимараттарында, сауда орталықтарында, кітапханаларда, білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінде орналасқан.

Директордың айтуынша, қала тұрғындары арасында ең сұранысқа ие е-қызметтер электрондық-цифрлық колтәңба алу, соттылықтың болуы/болмауы туралы анықтамалар, психонарко диспансерлерінен анықтамалар беру, тұрғылықты жері бойынша онлайн тіркеу, медициналық ұйымға тіркелу қызметтері.

Филиал ұжымы «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында әкімдіктермен, Қызмет істері жөніндегі агенттік департаментімен бірлесіп, халықты цифрлық сауаттылыққа оқыту бойынша жұмыстар жүргізуде.

Филиал қызметкерлері 10 мыңнан аса қала тұрғындарына eGov.kz порталын пайдалану дағдыларын үйретті.

• Мақсат – алматылықтарды ХҚО-ға жүгінбей-ақ мемлекеттік қызметтерді үйде немесе жұмыста өз бетінше алуға үйрету.

• Алматыда ХҚО-дан тыс 300-ге жуық eGov бұрышы жұмыс істейді. Онда азаматтар оператордың қатысуынсыз мемлекеттік қызметтерді өз бетінше ала алады.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ



Мұрат ЖҰРЫНОВ,  
Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Ғылым академиясының президенті:

### Заң мен тәртіп бұзылмаса, қоғам түзеледі

Ұлттық құрылтай жаңарған ел болудың бастауы және әрбір жетістіктің шегендеушісі. Құрылтай – бұл ұлттың, халықтың ортақ дауысы. Президент құрылтайда сөйлеген сөзінде ұлт бірлігін, Қазақстан халқының бірлігін, халықтың әл-ауқатын, әлеуметтік жағдайын жөндеу туралы көп нәрсе айтты. Осының барлығын халықпен ақылдасып шешеміз деді. Әділдік орнаған ел боламыз десек, мектептегі оқушылардан бастап, зейнеткерлерге дейін заң аясын дұрыс қолдану қажет. Заң мен тәртіп бұзылмаса, қоғам түзеледі. Жемқорлар азайып, еліміздің өркендеуіне үлкен септігін тигізеді. Көптеген елде болдым. Бір байқағаным, демократиялық сайлау болған жерлерде жемқорлық жоқ. Себебі, халық бәрін көріп отырады. Біз де осыған келе жатырмыз, елімізде жақсы бастамалар қолға алынууда. Бұрындары құрылтайда хандарымыз, билеріміз халықты бір арнаға жинап, олардың тілектеріне құлақ асты. Дала демократиясына келсек, құрылтай арқылы бәрін шешуге болады. Әрине, құрылтайда қабылданған шешімдер заң тұрғысында қарастырылу керек. Қажет болса, қолданысқа енгізу қажет. Құрылтай ел азаматтарының мұқтаждары естілетін біріктіруші алаңға айналуы тиіс. Бізге жалпыұлттық идеяны қалыптастырып, мәселелерді, сондай-ақ аймақтардағы ерекше мән берілуі керек сұрақтарды да шешу керек. Президентіміз айтқандай. Жаңа, Әділетті Қазақстан құру жолында құрылтай «Халық үніне» айналарына сенемін.



Төлеуғали ТАЙТҮЛЕЕВ,  
Алматы Энергетика және электронды  
технологиялар колледжінің директоры:

### Жаңғыруға ұмтылыс

Барлық облыстың, сан түрлі сала мен әр буынның таңдаулы өкілдері құрамына енген Ұлттық құрылтай Президентіміздің сөзімен айтар болсам, ел бірлігін нығайтатын, қоғамды ұйыстыратын тың идеялар орталығы болатынына кәміл сенемін. Кезінде ата-баларымыз да осындай алқалы жиын жасап, ел ішіндегі өзекті мәселелердің шешімін шығарған. Халық би-шешендеріміздің сөзіне тоқтап, елді біріктірген жиындарды өткізген.

«Баршаңызға Ұлттық құрылтайдың ашылуы құтты болсын дегім келеді. Біз бүгін жалпыұлттық референдумнан кейін алғаш рет бас қосып отырмыз. Ата Заңға өзгерістер енгізуге арналған референдум табысты өтті. Азаматарымыз дауыс беруге белсене қатысты. Отбасымен бірге барып, ел болашағына бей-жай қарамайтынын көрсетті. Шынайы өзгеріске және жан-жақты жаңғыруға деген ұмтылысын білдірді. Келешегіміздің жарқын боларына үміті және сенімі зор екенін байқатты. Еліміз ертеңгі күнге мызғымас бірлікпен қадам басуға дайын екенін анық аңғартты», – деді Ұлттық құрылтайдың I отырысын ашқан Президент.

Ұлттық құрылтайға сәттілік тілеймін, елдің ертеңі үшін атқарылар ілкімді істер көп болсын.

Дайындаған Ақтолықын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

ЖАҢА КІТАП

## «Бейсен және болмыс»

Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасында «Отбасы хрестоматиясы» ұжымының ұйымдастыруымен «Бейсен және болмыс» атты кітап таныстырылды.



Ақтолықын  
ТҰРЛЫҒАЗЫ



Кітапта журналист Бейсен Құранбектің болмысына экзистенциялық талдау жасалған. Бейсеннің өмірінен мысал келтіре отырып, экзистенция, логотерапия психологиясын жан-жақты түсіндіруге тырысады.

«Әу баста Бейсен марқұм дүниеден озған соң салт бойынша аза тұтып, оны жөнімен жоқтау үшін жиырма беттік естелік жазып, әлеуметтік желіге жариялағам. Осыдан соң дәл сондай әсерлі естеліктер айтып, бірнеше адам маған хабарласты. Бәрінің де естелігі тірі жанды тебіренпей қоймайды. Құр естіп қоя салуға обал-ақ оқиғалар. Бәрі де кітапқа сұранып тұрды. Эпидемия әлсіреп, жағдай біршама жақсарған соң ғана бұл істі шындап қолға алудың сәті түсті», – дейді кітаптың авторы Санжар Керімбай.

Бейсеннің болмысын зерттеуді қолға алғанда негізінен логотерапия теориясы басшылыққа алынған. Кітаптан «Мәңгіге ұмтылыс» теориясы

арқылы Бейсеннің болмысын барынша ашып көрсетуге мүмкіндік туады. Кітапты мұқият оқи отырып, Бейсеннің адамшылдық мәртебеге ұмтылғанын көресіз. Журналистік карьерасы шарықтап тұрған кезде де халқына жақын болып, әр адамның мұң-мұқтажына үңіле білген.

«Ағамызбен «Айтуға оңай», «Қарекет» бағдарламаларында 5 жыл жұмыс істегенмін. Көзі тірісінде «Отбасы хрестоматиясы-

нын» жобасымен тікелей қарым-қатынаста болды. Ағалық ақылын айтып, қолынан келгенше көмек көрсететін. Бейсен аға «Отбасы хрестоматиясы» жобасының көрінбейтін акционеріне айналды. Ең алғаш «Әлдилен эпосқа дейін» деген кітап жазылып жатқан кезде қасымыздан табылған. Дерт билеп, төсекке таңылған сәтіне дейін бірге болды.

Ең қызығын айтайын. «Бейсен және болмыс» кітабы «Отбасы хрестоматиясы» тарихындағы рекорд жаңартқан кітап болды. Өткен аптада ғана 3000 тираж кітап шығарып едік. Бір аптаның ішінде офистегі кітап түгел таусылып, қайта бастыруға мәжбүр болдық. Бүгін 2000 тираждай кітап қайта басылып шықты», – дейді идея авторы Абзал Құспан.

Бейсеннің ізгі істері мен таңғажайып тұлғасы, өнегелі өмірі өзін-өзі жоғалтып, таппай жүрген жандарға рухани серпін беріп, өмірге деген құштарлығын оятары сөзсіз.





ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК

# АПАТТЫ АҒАШТАР АЛАНДАТАДЫ

Алматыда 2 миллион 800 мыңнан астам жасыл желек қоры бар, оның 84 мыңы апаттық жағдайда



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов

Негізінен апатты ағаштар қаланың орталық бөлігі мен тұрғын үйлер көптеп шоғырланған аумақтарда өседі, оның ішінде көшелер бойындағы арнайы мақсаттағылары – 34 962 дана, жалпы және шектеулі мақсаттағы аула ағаштары – 49 666 дана. Алматы қаласының жасыл желек қорын одан әрі қалпына келтіре отырып, ағаштарды кесу жұмыстарын жүргізу тиісті аудан әкімінің аппараты мен Жасыл экономика басқармасының бастамасымен жүргізіледі.



Динара  
МҰРАТ

«Almaty aqshamy» тілшісі Алматы аудандарының бірінде ағаштың кесілу барысын өз көзімен көріп, қаланың Жасыл экономика басқармасының мамандарымен және аудан әкімдігінің өкілдерімен апатты жағдайдағы ағаштарды жою жолдары туралы әңгімелесті.

## Жасыл желекті сауықтыру

Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасының бөлім басшысы Олжас Жаңабаев қала әкімшілігі орман қорын сауықтыруды қалай жүргізетіні жайлы толығырақ айтып берді.

— Жасыл желектерді күтіп-баптау, санитарлық кесу мен ағаштарды бюджеттік есептен жою жұмыстарын аудан әкімдігі жүргізеді. Жылдың басында әкімдіктер бюджетті жоспарлау барысында апатты ағаштарды кесуге және жасыл желектерді жасартуға қаражат бөлу мәселесін қарайды. Содан кейін ғана жергілікті билік eGov.kz сайты арқылы апатты ағаштарды жоюға рұқсат алады. Тек әкімдік қана емес, жалпы кез келген алматылық ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) көмегімен ағашты кесуге өтінім беріп, қажетті рұқсат қағазын ала алатынын атап өткім келеді. Бұл құжат белгілі бір жағдайларда – құрылыс кезінде, инженерлік желілерді төсеу, абаттандыру кезінде немесе ағаштар жалпы қолданыстағы қоғамдық орындарда өссе алынады. Рұқсат бермес бұрын, біздің мамандар ағаштың апатты жағдайда екеніне көз жеткізу үшін сол жерге барады, содан кейін ғана шешім шығарады, — дейді Олжас Жаңысбаев.

Рұқсат хатын алған кезде арнайы сауалнама толтырылады, кепілдік хат қоса беріледі. Онда кесілген ағаштың орнына жаңалары отырғызылып, үш жыл ішінде оларға күтім жасауға, ал егер ағаш табиғи апаттар нәтижесінде қурап қалса, жасыл кеңістікті қалпына келтіруге міндетті екені белгіленеді.

## Жұмыс қалай жүргізіледі?

Түркісіб ауданында 11 мың апатты ағаш бар, жыл соңына дейін 100 ағашты кесіп, оның орнына 1000 жаңа ағаш отырғызу жоспарлануда. Түркісіб ауданы әкімі аппаратының бас маманы Рүстем Құлжабаев ағашты кесуге шешім қабыл-



данғаннан кейін, оны жоюмен айналысатын мердігер компаниялар арасында байқау жарияланатынын атап өтті. Таңдалған мердігермен әкімдік келісім жасайды, содан кейін олар жұмысқа кіріседі.

Кесілген ағаштың орнын толтырудың өзіндік стандарттары бар – қызмет көрсетушіде қажетті техника, жабдықтар, құралдар мен белгіленген қызметті орындау үшін жеткілікті жұмысшылар болуы керек. Ол осы аумақта тазалық пен тәртіпті сақтауға міндетті және қажет болған жағдайда тәуліктің кез келген уақытында техника мен қызметкерлердің шығуын қамтамасыз етуге тиіс. Мердігер ұйым пайдаланатын техника мен жабдық таза әрі эстетикалық күйін жоғалтпай ұсталуы тиіс.

— Ағаштарды кесер алдында апатты ағаш орналасқан аумақты дайындау қажет. Ағаш жол бойында өскен жағдайда аталмыш аумақ сигналдық лентамен және арнайы жол белгілерімен қоршалыды. Сондай-ақ, егер желілер ағаштың үстінен өтетін болса, электр қуаты өшіріледі. Мұның бәрін мердігер алдын ала бізбен және ауданның коммуналдық қызметтерімен келіседі, — дейді Рүстем Құлжабаев.

Жұмыс тобы арнайы киім – дулыға, арнайы күртеше мен қолғап кию керек. Алдымен жұмысшылар ағаштың барлық бұталарын кесіп шығады, кейін басынан бастап аяғына дейін өзегін бөліктерге бөліп кеседі. Ағаштан тек діңгек қалған кезде – ағаштың айналасындағы жер қазылып, тамырымен алынады.

— Жұмыскерлер жолдың жүру бөлігінде, бөлу жолақтары мен тротуарларда кесілген қалдықтарды —

ағаштың өзегін, бұталар мен жапырағын, үгінділерді жинап немесе жан-жаққа шашпауы керек. Оларды дер кезінде жүк көлігіне тиеп, полигонға алып кетулері тиіс. Ағаш кесілгеннен кейін іргелес аумақ тазартылады, — деді спикер.

## Орнын қалай толтырамыз?

Жасыл-желекті отырғызу тек күзгі-көктемгі кезеңде жүргізіледі және жаңа терек міндетті түрде апаттық ағаш тұрған жерге отырғызылуы шарт емес.

— Теректі кесуге арналған рұқсат хатымен бірге оның орнына ағаш отырғызуды жүргізу үшін техникалық спецификация жасалады, онда діңнің тұқымы, биіктігі, диаметрі, жұмыс мерзімі көрсетіледі. Үш жыл өткеннен кейін жасыл-желек отырғызылған аумаққа Жасыл экономика басқармасы, аудан әкімдігі, қоғамдық ұйымдар өкілдерінен тұратын комиссия барып, ағаштарды зерттеп, жерсінуді анықтайды, — дейді Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасы бөлімінің басшысы Олжас Жаңысбаев.

Егер барлық ағаштар үш жыл ішінде тамырын жайса, онда кесілген ағаштың орны өтелді деген сөз. Оларға күтім жасау аудандық әкімдікке беріледі және мәліметтер қалалық жасыл желектер тізіліміне енгізіледі.

## «Бір тал кессең, он тал ек»

Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасының мәліметінше, жыл басынан бері заңды тұлғалардың ағаштарды заңсыз кесуінің сегіз жағдайы тіркелген. 2022 жылдың наурыз айында ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі жасыл желектердің типтік ережелерін жанартты.

— Біз Алматыда ағаштарды заңсыз кесу жағдайлары жиі тіркелетіні жайлы министрлікке бірнеше рет хат жолдаған болатынбыз. Көптеген жылдар бойы олармен хат алмасу жүргізілді, нәтижесінде жаңа ережелер бекітілді, соған сәйкес бір талды заңсыз кескені үшін тәртіп бұзушы 50 ағаш, тамырын жайған, көпжылды терек үшін 100 ағаш отырғызуы тиіс болады. Бұған дейін заңсыз ағашты жоюдың залалы есептелмейтін, өтемақы бойынша есеп айырысулар болған жоқ, сондай-ақ оған жауап беретін уәкілетті орган анықталмаған болатын, — дейді спикер.

Енгізілген түзетулерден кейін бұл қызмет қаланың Жасыл экономика басқармасына жүктелді. Жасыл желектерді заңсыз кесу орын алған жағдайда Жасыл экономика басқармасының өкілдері сол жерге барып, арнайы актілер жасайды, сондай-ақ залалды есептеу арқылы тәртіп бұзушыға айыппұл жазып, оған жаңа ағаштар отырғызуды міндеттейді. Егер залал 100 АЕК-тен (306 300 теңге) асатын болса, онда іс сотқа беріледі.

— Ағаштарды заңсыз кесу негізінен тұрғын үйлердің құрылысы қарқынды жүргізілетін аудандарда орын алады. Ережелерді қатаңдату өз жемісін беріп жатыр, өйткені тәртіп бұзушылардың саны біршама азайды. Мысалы, 50 ағаш отырғызып, үш жыл бойы оларға күтім жасау қалтаға айтарлықтай ауырпалық түсіреді. Қазіргі уақытта тәртіп бұзу фактілері жаңа аудандардың қосылған учаскелерінде — шаруа қожалықтары, саяжай массивтері және т.б. жерлерде шоғырланған. Заңнамадағы қайшылықтар біртіндеп жойылып, түзетулер енгізілуде, — деп қорытындылады Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасының бөлім басшысы Олжас Жаңысбаев.

Мамандардың айтуынша, кесілген ағаш көмек ретінде ХӨӨТ санатындағы мұқтаж отбасыларға таратылады, ал жарамсыз материал полигонға кәдеге жаратуға жіберіледі.

ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ



## Еңбек шартын жасау маңызды



Нұржамал  
ӘЛІШЕВА

Елімізде «мемлекет – жұмыс беруші – қызметкер» арасындағы жауапкершілікті «негізгі, міндетті және ерікті» деңгейлерде бөлуді көздейтін әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің көп деңгейлі моделі құрылған. Міндетті әлеуметтік сақтандыру 2005 жылдан бастап жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қатерлер туындаған жағдайда әлеуметтік қорғаудың қосымша деңгейі ретінде енгізілген.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржылық ресурстары жұмыс берушілер жұмыскерлер үшін, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын тұлғалар өздері үшін төлейтін әлеуметтік аударымдар есебінен қалыптасады.

Әлеуметтік аударымдар міндетті зейнетақы жарналары сияқты жұмыскердің жалақысынан ұсталынбай, жұмыс берушілердің қаражаты есебінен төленеді. Әлеуметтік аударымдардың уақытылы және толық түсуі әлеуметтік тәуекелдер туындаған жағдайда жұмыскерге қордан әлеуметтік төлемдер алуға құқық береді.

Биылдан бастап төлемдердің жалпы сомасы өткен жылмен салыстырғанда 9%-ға өсті. Егер бюджет қаражаты есебінен алушылар үшін ағымдағы жылдың 1 сәуірінен бастап мүгедектік бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа мөлшері 54 608 теңгені құраса, ал қордан жұмыс істеген азаматтарға төленетін төлемдерді есепке алғанда жалпы сомасы 84 353 теңгені құрады.

Егер бюджет қаражаты есебінен алушылар үшін асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа мөлшері ағымдағы жылдың 1 сәуірінен бастап 45 627 теңгені құраса, ал қордан төленетін төлемдерді есепке алғанда жалпы сомасы 76 443 теңге болды. Осылайша жұмыс істейтін халық үшін бұл төлемдердің орташа мөлшері жұмыс істемеген алушымен салыстырғанда шамамен 30 мың теңгеге жоғары.

Қордан жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем жұмыстан босату себептеріне қарамастан тағайындалады. Төлем мөлшері соңғы 2 жылдағы орташа айлық табыстың 40%-ын құрайды және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне байланысты 1 айдан 6 айға дейін тағайындалады. Былтыр республика бойынша 105 564 адам 16,2 млрд теңге, ал Алматы қаласы бойынша 7 476 адам 415 млн теңге сомасында төлем алды.

Ана мен баланы қолдау мақсатында жұмыс істейтін әйелдер үшін де қордан әлеуметтік төлемдер қарастырылған. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем жүктілік және босану бойынша уақытша еңбекке жарамсыздық парағы негізінде берілген демалыстың барлық күніне тағайындалады. Төлем мөлшері соңғы жылдағы орташа айлық табысқа және еңбекке уақытша жарамсыздық күндерінің санына байланысты. Былтыр Алматы қаласы бойынша 24 205 адам 15,8 млрд теңге сомасында төлем алған.

Бала 1 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда ай сайынғы әлеуметтік төлем бала туған күннен бастап тағайындалады. Төлем мөлшері соңғы 2 жылдағы орташа айлық табыстың 40%-ын құрайды. Екі немесе одан да көп бала туған кезде төлем әр балаға бөлек тағайындалады. 2021 жылы республикада 662 761 адам 154,5 млрд теңге, ал Алматы қаласы бойынша 36 418 адам 1,5 млрд теңге сомасында төлем алды.

Жалпы, елімізде 6,6 миллионға жуық адам міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы. 2021 жылы 1,1 млн-нан астам адам 340 млрд теңгеге жуық, ал Алматы қаласы бойынша 71 416 адам 17,8 млрд теңге сомасында төлем алды.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі туралы толығырақ ақпаратпен fgss.kz интернет-ресурсы арқылы қаныға аласыз.





## Еркін НҰРАЗХАН:

# «КАРИКАТУРА – МАЗАҚ ЕМЕС, АДАМНЫҢ АЙНАСЫ»



### СӨЗСІЗ ӨНЕР


– Карикатура. Адамның сыртқы келбетін айнытпай берумен қатар, ішкі дүниесін ашып көрсететін, әзілге арқа сүйейтін жауынгер өнер. Сіздің ұғымыңыздағы карикатура, шарж қандай жанр?

– Карикатура да, шарж да – адамның жеке қасиетін, мінезін, тұлғасын, шығармашылық деңгейін сурет арқылы көрсету. Екеуі де шынайылықтан тұрады. Көпшілігі бұл жанр адамды тек күлдіретін, әзіл сурет деп қана баға беріп жатады. Олай емес. Әсілінде, ол – бір сәт сананы сергітіп, сурет арқылы ойландыратын ауқымды кең өнер. Ерекшелігі сол, шарж суретке өтірік араластырмау керек. Құлағы қалқан болмаса, мұрны ұзын болмаса суретте олай көрсете алмаймын ғой. Сондықтан құлағы қалқан адамның құлағын одан сайын қалқытсаң да артық етпейді. Бірақ тақырыпқа бағыну керек. Мәселен, АҚШ-тың кезіндегі президенті Б.Обама мен Д.Буш екеуінің шарждары бар. Суретші Обаманың құлағын түйе жапырақ секілді қалқытып қойыпты. Ол Америкада Президент болып отырған кезінде салынған сурет. Карикатураны Д.Бушты да оңдырмаған. Адамның бет-пішініндегі ерекшеліктерді үлкейту, жоқ нәрсені бар ету – шаржға жатпайды. Мәселе құлақты немесе адамның басқа дене мүшелерін үлкейтуде емес, адамның бейнесін әзіл арқылы суреттеу.

– Аға, суретшілікке ешкім кездейсоқ келмейтіні белгілі. Суреттің осы бір жанрына қалай келдіңіз?

– Театр суретшісі мамандығында оқып жүргенде түпкілікті осы саланың етегінен ұстаймын деп ойладым. Карикатураны боламын, шарж саламын деген ойыма да кіріп шықпады. Тек хобби ретінде салып жүрдім. Алматы театр-көркемсурет институтының 3-курс студенті кезімде «Балдырған» журналында көркемдеуші редактор болып жұмысқа орналастым. 1985 жылы Ұлы Отан соғысының 40 жылдығына орай Қасым Қайсенов ақсақалдың бір әңгімесін газетке беретін болып, Мұзафар Әлімбаев «Қасым ағаның фото-суретін алып кел» деп жіберді. Қасым Қайсеновпен танысуға барғанда, атымды естіген ағамыз «Қазақ әдебиетіне» шығып жатқан суреттер сенікі ме? Міне, сенің альбомыңды жасап қойдым» деп, газетке шыққан суреттерімді қиып, оқушы көк дәптерін толтырып, альбом жасап қойыпты. «Керек болады. Кейін кітап

Қоғам кемшілігін, адамның бойындағы жағымды не жағымсыз қасиеттерін карикатура жанры арқылы қағаз бетіне түсіріп жүрген суретшілер некен-саяқ. Қазақстанның халық жазушысы Мұзафар Әлімбаев шығармашылығын айрықша бағалап, «Карикатура королі» деп атаған суретші бар. Ол – белгілі карикатураны, ҚР мәдениет қайраткері, Ә. Қастеев атындағы музей-үйінің жетекшісі Еркін Нұразхан. Кейбіріне беймәлім карикатура, шарж жанрында бояуы қанық, суретті сөйлете білген талант иесімен сұхбаттасудың сәті түскен еді.



шығарып, көрме өткізесіз» деп алғаш айтқан сол Қасым аға болатын.

– Еңбек жолыңызда журналист болып та жұмыс істепсіз. Бір сұхбатта сізді жазушылыққа, суретке әкелген – батырлар жыры делінген. Демек, алғашқы суретіңіз – қазақ батыры ғой?

– Иә, журналист болып жұмыс істедім. Марқұм досым Дидахмет Әшімханұлы газетке суретші болып жұмысқа кіргеннен кейін менің әдебиетке, жазушылыққа жақын екенімді аңғарып, тапсырмалар бере бастады. Журналистік қырымды жолға салып, жазуға үйреткен сол кісі.

Мектепте оқып жүрген кезде ауылда үлкен кісілер батырлар жырын бізге дауыстап оқытады. Кітаптағы батырлардың суреттерін сала бастадым. Бірде мектеп суретшілер байқауын жариялады. Сол байқауға мен батырлардың суретін көшіріп салдым. Негізі суретшілікке үйрететін бірден-бір тәсіл – көшіріп салу. Қабілет болмаса, көшіріп сала алмайсың. Қолыңнан суретшілік келетінін білгеннен кейін мектеп мойнына «мініп» алады екен. Өртүрлі мерекелерде үлкен қызыл маталарға ұран жаздырады. Бірге өскен қатар балалардың бәрі ойнап жүргенде, мен ұран жазып, сурет салып отырамын.

Жеңіс күні жақындағанда Әлия Молдағұлова, Төлеген Тоқтаров, Мәншүк Мәметова сынды батырлардың суретін салуға тапсырма беретін. Түнде кешкі асты ішіп болғаннан кейін елдің бәрі ұйқыға жатқанда мен ас ішетін үстелде шамның жарығымен түнімен сурет салатынмын.

Сонда шешем жарықтық: «Ойпырмай қарғам-ай, көзіңнің майын тауысып, өлген-тірілгендердің бәрінің сурет саласың ба енді, сабағыңды оқысаң болмай ма...» деп, жаны ашып, аяушылық білдіретін.

– Алғашқы карикатураның?

– 80-жылдардан бастап өнер, әдебиет қайраткерлерінің суреттерін сала бастадым. Алғашқы шаржым классиктерден басталды. Ғабиден Мұстафин, Асқар Сүлейменов, Оралхан Бөкейді салдым. Бірде ойда-жоқта Асқар ағамен жолығып қалдым. Ол кісі мені танымады. Содан өзім сәлем бердім: «Аға, газетке суретіңізді салған мен» деп едім, ол кісі күліп: «Еркін деген сен бе? Мені мыстан кемпір секілді салып қойыпсың. Ну и что-ж, ұқсап тұрған соң, амал не!» деп риза болды. Сосын: «Мені жұрт онша танымайды ғой. Сен халықтың алдында жүрген Мұхтар Шаханов секілді танымал тұлғаларды сал» деп қолдау білдірді. Жалпы, мен Асқар ағаның 7-8 шаржын салдым. Асекең «Менің Қазақстандағы жалғыз сыншым бар, ол – Еркін!» деп айтушы еді. Мұхтар Шаханов секілді танымал тұлғалардың да бірнеше шарждарын қайталап жасадым.

– Әдебиет пен сурет өнерін қатар алып жүргендіктен Қалтай Мұхамеджанов сізді «қосмекенді» деп атапты. Тарқатып айтып берсеңіз?

– «Түркістан» газетіне қызметке суретші болып келгенмін. Біраз жұмыс істегеннен кейін редакцияның тапсырмасымен мақала жазып кеттім. Сонда Қалтай ағаның риза болып: «Мақала жазғаның біз үшін – үлкен олжа. Енді сен «қосмекенді» адам болдың» деген еді.

### ШАРЖДЫ ТҮСІНБЕЙ, ӨКПЕЛЕГЕНДЕР БОЛДЫ

– 1982 жылдан бері өнер, әдебиет, қоғам қайраткерлерінің әзіл портреттер галереясын жасап келесіз. Карикатураны түсінбей, өзінің портретіне ренжігендер болды ма? Жалпы, қалай қабылдайды?

– Классик аға-апаларымның Ғабиден Мұстафин, Ғабит Мүсірепов, Бауыржан Момышұлы сынды үлкен тұлғалардың шарждарын жасадым. Дихан Әбішев, Әлжаппар

Әбішев, Қалижан Бекхожин сынды тұлғалардың суретін салып «күлсең, көріге күл» дегендей, бірінші үлкен кісілерге күліп алдық та, содан кейінгі буын өкілдері олардан да мықты тұлғалардың шарждары салынып жатқасын аса ренжи қоймады. Әрі ол кезде газеттің басында Шераған сияқты мықты адам отырғасын жауабын өзі беретін. Тіпті, одан кейін менің шарждарым арқылы көпке танылып, өздеріне жарнама жасайтындар көбейді. Дегенмен, ренжіп қалатындар да болды.


Бір жолы Ақселеу аға Асқар Сүлейменовке «бұл біздің өзіміз білмейтін қасиетімізді көзімізге көрсетіп жүр» дегенде, Асекең сұқ саусағын шошайта: «бәлкім, қасиетсіздігімізді дегеніңіз дұрыс болар» деп, жұмбақтай жымығаны бар. Ал Қадірбек Сегізбаев ағамыз болса, өзінің әзіл суретін көрген соң: «Әй, бауырым, ағанды мұржадан шыққан қара мысыққа ұқсатып қойғаның не? Бұл – достық әзіл емес, қастық әзіл ғой...» деп, жорта өкпелеген кейіп танытқан еді.

– Өркениетті дамыған елдерде баспасөз карикатурасыз шықпайды. Бүгінде қай басылымда карикатура тұрақты түрде шығып тұрады?

– Шарж суреттерім кезінде осы «Almaty aqshamy» газетінде де шығып тұрды. Қазір «Ана тілі» газетінде айына бір рет шығатын «Оспанхана» деген әзіл беті бар. Арнайы бетке әзіл суреттерім тұрақты шығып тұрады. Жалпы, бізде бұрынғыдай газеттерде көркем суретшілік қызмет жоқ. Қолмен салынған суреттер тым сирек көрінеді.

– Бір сұхбатыңызда «адамды толық танымай шарж салмаймын. Кейде қолын не қаламын өзіне бағынбай кетеді. Тұтас бір суретті бір өзі салып шығады» депсіз. Сурет салғанда ең маңызды деп нені ескересіз?

– Карикатура мен шарждың негізі – сын. Сынның өзі – шын болуы керек. Мұқату немесе мазактау менің мінезімде жоқ. Сондық-



тан ол нәрсе суретте де болмайды. Кей адамдардың бет-әлпетінде, бітім-болмысында әзіл шақыратын, бірақ жағымды бөліктері болады. Суретке қарағанда күлкі шақыруы керек. Шерағанның соңғы салған шаржым балық сияқты болып кетіпті. Бірақ суреттің ар жағында ол кісінің парасаттылығы, қайраткерлігі жатыр. Мен соны ойлап отырғанда қолым өзі сол суретті алып шығады. Шарж өлең сияқты туады. Бір адамға шарж саламын десең ол кісі туралы ойың қағазға өзі-ақ түседі. Мінезін дұрыс көрсете алсаң, әрине, шарж сәтті болып шығады.


Өмірде адамның бәрі жағымды бола бермейді, жағымсыз адамдар да болады. Халыққа ісі ұнамайтын жағымсыз министрлер, саясаткерлер жоқ емес. Олардың шаржын сәтті салып, кейпін аша білсең, кейіпкердің өзі ештеңе демейді. Карикатура мен шаржда суреттің әрбір бөлігі тақырыбы мен кейіпкері жөнінде ақпарат беріп қана қоймай күлкі шақыруы, ойға жетелеуі керек.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан  
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



### СУРЕТТЕР СӨЙЛЕЙДІ...



Демократия сақшысы



Уақыт жемі







ҚАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

# ОСЫДАН 81 ЖЫЛ БҰРЫН...



## Ескерткішке айналған ерлік

Алматыдағы Байтұрсынұлы мен Шевченко көшелерінің қиылысында орналасқан ескі ғимараттың қабырғасы сырға толы. Осыдан 81 жыл бұрын дәл осы ғимаратта атақты Панфиловшылар дивизиясының құрылғанын біреу білсе, біреу білмейді. Сол жылдары осы ғимаратқа талай бозбала өз еркімен келіп, Отанын жаудан қорғау үшін қан майданға аттанды. Осы жерде фашист әскерлеріне тойтарыс беру үшін әскери бөлімдер мен бөлімшелер құрылды. Аты аңызға айналған әскери құрамалардың бірі – 316-шы атқыштар дивизиясы, халық арасында Панфиловшылар атанып кеткен дивизия да осы ғимаратта құрылған еді. Аталмыш дивизия 1941 жылдың күзі мен 1942 жылдың қысында Мәскеуді ерлікпен қорғады. Қазір ғимаратта ескерткіш-тақта бар.

танктерге қарсы тұруға мәжбүр болды.

1941 жылы 18 қазанда бірнеше рет жаудың жоғары күштері сол қапталдан барынша қорғалған 316-шы дивизияны айналып өтіп, Осташево ауылын басып алып, тоғыз күннен кейін көрші 690-шы атқыштар полкінің қорғанысынан өтеді. Осыдан соң жауынгерлер Волоколамскіден кетіп, қаланың шығысы мен оңтүстік-шығысында қорғанысты алуға мәжбүр болады.

Дубосеково разьезі үшін болған соғыстағы 28 Панфиловшылардың ерлігі тарихта мәңгіге қалды. Бұл шайқас 1941 жылы 16 қарашада өтті. Осы жерде, Волоколам тас жолы маңында, Панфиловшылар 1-ші гвардиялық танк бригадасының танкістерімен бірге шайқасты. Төрт күнге созылған ауыр шайқаста Волоколамск бағытында 316-шы атқыштар дивизиясының жауынгерлері асқан ерлік пен батылдық көрсетті. Адам шығыны да аз болмады. Дегенмен, Вермахттың екі танк пен бір жаяу әскер дивизиясының шабуылын тоқтатқан еді.

Ұлы Отан соғысындағы асқан ерлігі үшін 1941 жылы 17 қарашада 316-шы дивизия Қызыл Ту орденімен марапатталып, 1941 жылы 18 қарашада 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы болып қайта құрылды. Сол жылғы 23 қарашада дивизия генерал-майор Иван Васильевич Панфилов атындағы құрметті атаққа ие болды.



Суреттері түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



### Рая ЕСКЕНДІР

Соғыс басталысымен Иван Васильевич Панфиловтың есімін иеленген 316-шы (8-ші гвардиялық) атқыштар дивизиясы Алматы қаласында 1941 жылдың маусым-тамыз айларында құрылып, оның құрамына 1075 және 1077 атқыштар және 857 артиллериялық полктар кірген еді. Дивизияның құрамында негізінен Алматы мен Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласының тұрғындары болды.

Дивизия өзінің әйгілі әскери жолын 1941 жылы тамызда Новгород маңынан бастап, 52-ші резервтік армияны құруға жоспарланған жерде

болды. Сол жылғы 8 қыркүйекте олар «Крестцы» деп аталатын жұмысшылар ауылына аялдап, бір айға жуық армияның екінші эшелонындағы сарбаздар үшін қорғаныс жолағын дайындаумен айналысты.

316-шы дивизия 1941 жылдың қазан айының басында Мәскеу маңына ауыстырылды. Жауынгерлер Волоколамск қаласына келіп, Болычево совхозы мен Львово ауылы арасындағы қорғаныс жолағын алды. Қорғаныс шебінің ұзындығы 41 шақырымды құрады. Жаудың қиянкескі сұрапыл шабуылы 15 қазанда басталды. Қызыл Армия жауынгерлері бірден жаудың төрт бірдей қарумен жабдықталған дивизиясына – 35-ші жаяу әскер мен 2-ші, 5-ші және 11-ші

**Алматыда жасақталып, Кеңес Одағын қорғау жолында шайқасқан, аты аңызға айналған 316-шы атқыштар дивизиясының ерлігі ел есінде. Дивизия командирі болған генерал-майор Панфилов 1941 жылы 18 қарашада Мәскеу облысының Гусенево елдімекенінде неміс миномет минасының сынықтарынан алған жарақаттан қаза тапты. Ерлікпен қаза болған ерге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.**

КИНОКЕҢІСТІК

## МӘНШҮК ЖАЙЛЫ СЕРИАЛ ТҮСІРІЛМЕК

Елімізде қазақтың қайсар қызы, Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметоваға арнап сериал түсірілмек. Бұл туралы кинокартинаның продюсері Баян Мақсатқызы хабарлады.

«Жақын арада біздің компания Мәншүк Мәметова туралы сериалдың түсіріліміне кіріседі. Қазіргі уақытта қызу дайындық жүріп жатыр. Біздің қолымыздан келетіні, Мәншүктің асыл бейнесін, рухты өр мінезін экран арқылы жас ұрпаққа паш ету. Аты аңызға айналған Мәншүк апа-

мыздың ерлігі мәңгілік ұмытылмайды, тарихтан өшпейді», – дейді Баян Мақсатқызы.

Фильмде басты рөлді Зухра Сайпи есімді жас актриса ойнайды. Сериалдың режиссері – Асқар Ұзабаев.

Айнұр НҰРСАБЕТ.



ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



ЗАМАНСӨЗ

### АХАҢНЫҢ ӘДЕБИ ҚИСЫНДАРЫ

Ахмет Байтұрсынұлы 1926 жылы өзінің әйгілі «Әдебиет танытқышын» кітап қып бастырып шығарды. Бұл – біздің жыл санауымыздан үш жүз жиырма алты жыл бұрын Эллада елінде жарық көрген Аристотельдің атақты «Поэтикасы» тәрізді, сөз өнерінің болмысы мен бітімін жүйелі байыптайтын қазақ топырағындағы тұңғыш теориялық зерттеу еді...».

ТҰЛҒАТАНУ

### ӨЗГЕРІС РУХЫ ЖАЙЫЛЫП, қазақтың елдігін сөйлей бастаған кез...

«Ахаңның атын қазақ даласындағы қазақ баласының естімегені аз шығар! Бірақ Ахаңды туғызған ел жалаң атын естіп қоймай, басынан кешірген өмірін білуге де ынтық болғандықтан білгенімізше бала күннен бергі өмірін қысқаша қылып айтып өтпекшіміз.

Ахаң 1873 жылы Торғай облысы, Торғай уезінде Тосын болысында туған, сүйегі Арғын, оның ішінде Үмбетей болады. Бергідегі аталары Үмбетейден шыққан Шошақ. Ахаң Шошақтың немересі. Өз әкесінің аты – Байтұрсын.

Ахаңның туып-өскен ауылы қыр қазағының ұғымынша ол кездегі Үмбетейдегі іргелі, аталы ауылдың бірі болған. Оның үстіне белгілі батырдың тұқымы болғандықтан, Ахаңның жақындарының ішінен батырлықты, мықтылықты салт қылған ірі мінезді адамдар көбірек шыққан.

Ахаңның әкесі Байтұрсын баласын өзге ағайындары түскен жолға түсірмей, өнер-білім үйретпекші болып, жас кезінде Торғайдағы екі сыныфтық орыс-қазақ школына берген. Сол школда оқып жүріп, 13-ке келгенде әкесі Байтұрсын үкімет алдында «жазықты» кісі болып, Сібірге айдалып кеткен.

Мұның себебі, Тосын болысының сайлауына шыққан Торғай уезінің начальнигі «кәрі ояз» Яковлев Үмбетейге бұрыннан көптігін көрсетіп, зорлық қылып жүрген Дәуітбай тобына болысып, соның сөзін қосап, бұларға қиянат қылғандықтан Байтұрсын «кәрі оязды» қабап, басын жарған. Байтұрсынның айдалған себебі осы...

Торғайдағы алғашқы түскен школын жастай бітірген соң, тағы ілгері оқуды талап қылып Орынбордағы учительдік школына түскен. Әуелгі школында да һәм соңғы Орынбор школында да сабақтас балалардың алды болып, жақсы оқыған. Учительдік школда 4 жыл оқып, жасы 19-ға келгенде, 1892 жылы оны да бітірген.

Ахаңның тәртіпті мектептен алған барлық оқуы осы. Оқу бітірген соң әуелде мақсұт қылған жолымен ел ортасына барып, қазақ балаларын оқытпақ ниетімен Ақтөбе уезі Сатпақты болысындағы Ахметкерей Қопсыбақовтардың ауылындағы ауылнай школга барып, оқытушы болған. Мұнда біраз уақыт болған соң, Қостанай уезінде Әулікөл деген жерде болыстық школында екінші рет оқытушы болған. Әулікөлден үшінші рет ауысып барған школы Қостанай қаласының уезіндегі екі сыныфтық орыс-қазақ школы. Бұл айтылған үш школда неше жылдан тұрғаны бізге белгісіз. Жиыны үшеуінде төрт жыл тұрып, 1896 жылы Омбыда Ақмола, Семей школдарын басқарып тұрған Алекторовпен хабарласып, Омбыға барған.

Ахаңның Қостанайдан кетуіндегі себептерінің көбі бізге белгісіз. Кетуінің бір себебі, қазақтың басқа жерлердегі хал-жайын көріп-білу болса керек. Омбыға барып, Алекторовпен көрісуі – Ахаңның кейінгі күндегі адамшылығы мен ісіне екі түрлі әсер берген. Біреуі, Алекторовтың қазақ турасындағы отаршылдық саясатының басын біліп, көздеп жүрген мақсұтын сезген болар. Атақты Ильминскийдің жолымен қазақтың көзін ашу үшін осы оқу керек деген саясатты тұтынып жүргендігін сөздерімен білдірген Алекторовтың ниетімен жақын келіп танысқан соң, Ахмет қазақ халқының жағдайының ауырлығын ұғып, ел турасындағы түкпірлі ойы сол кезде ояна бастаған.

Алекторовпен танысудың екінші әсері – Ахаңның жолы ашылып, пікірі ашылып, бұрынғы білім-өнер жүзіндегі шала білініп, көмескілеу түсініп жүрген нәрселерін таза білуіне себеп болған. Омбыдан соң аз уақыт тұрған жері – Қарқаралы. Онда 1896 жылдан бастап 1907 жылға шейін тұрған. Қарқаралыда әуелде сыныфтық орыс-қазақ школында болып, артынан городское училищенің оқытушысы болған.

Қарқаралыда тұрғандағы соңғы 4 жыл Ахаңның саясат ісіне белсеніп кірісіп, жазуымен де, ісімен де бой көрсеткен кезі. Сол мезгілде 1905 жылдың өзгерісі болған. Қазақтың Мәскеуден келген бірен-саран студенті, басқа қалаларда оқып жүрген жастары һәм ескіліктен келе жатқан пікірі түзу үлкендерінің арасына өзгеріс рухы жайылып, қазақтың елдігін сөйлей бастаған кездері сол мезгіл болатын...».

Мұхтар ӘУЕЗОВ.  
1923 ж.

### ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

- \* Жерді жалдаудан тартынбағандар – сатудан да тартынбайды.
- \* Қазақ жері қазақтан кетпес еді – қазақ жері қазақтан кетпесіне іс қылсақ.
- \* Қазақтың әлі күнге жерден қол үзбей отырғаны – жер қазыналық болғандықтан: айтпесе, бүтін тойғанына мәз болып, ертенгісін ұмытқан қазақ бүтін – жерін сатып тойып, ертен – теңіреп кетер еді.
- \* Қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адаспаңыздар: адаспай үшін ақылдасып, ойлаып, ынтымақпен іс етіңдер!
- \* Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай түзу істендер! Сендер адассандар – арттарыңнан алаш адасады: арттарыңнан ергендердің обал – сауабына сіздер қаласыздар.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ,  
1929 жыл.





## АДАМДАР. ЖЫЛДАР. ТАҒДЫРЛАР

# 1418 КҮН МЕН ТҮН

Негізсіз айып тағылған соғыс ардагерлерінің ісіне лайықты баға беретін уақыт келді

Осыдан 81 жыл бұрын, 1941 жылғы 22 маусымда қаншама ұрпақты қайғы-қасіретке душар еткен Ұлы Отан соғысы басталған еді. Ол 5 жылға, яғни 1418 күнге созылды.

Сан миллион адамның өмірін қиған, жер бетінде бұрын-соңды болмаған ең зардапты да қантөгісті соғыс өзінің ауқымы жағынан тұтас бір дәуірге тең. Оған Кеңес Одағы құрамындағы республикалардың азаматтарымен қатар қазақстандықтар да қатысқаны белгілі. Кейбір деректер бойынша Қазақстаннан майданға аттанған 1 млн 200 мың жауынгердің 600 мыңы соғыстан қайтып оралмады. Жалпы, бұрынғы Кеңес Одағының 27 миллионға жуық адамын жалмаған қанды қырғынға елімізден аттанғандардың ішінен 500-ден астам жауынгер 1934 жылы бекітілген ең жоғарғы Кеңес Одағының Батыры атанған болатын, оның 100-ден астамы – қазақтар.

Ұлы Жеңіс мерекесі, шынын айтқанда, бір жағынан қаралы кезең болғанымен, ерлік пен елдік, ар-намыс, отаншылдық пен биік рух аяусыз сынға түскен ғаламат тарихи сәт еді. Ендеше, өткеніміздің қадау-қадау оқиғаларын сезім көзімен сүзіп өтпей, оған сындарлы әрі байыппен қарайтын кезең келді. Қандай ұлы оқиға болсын, оның тарих талқысына түсуі заңдылық.



## Отанға «опасыздығы» үшін

Соғыс аяқталғаннан кейін Балтабек Тұрсынбаев Чехияның Моравска-Острава қаласында орналасқан Кеңес әскерлерінің әскери тұтқындарына арналған жиналу пунктіне келеді.

Одан соң кеңестік басқа әскери тұтқындармен бірге Польша аумағына жіберіледі. Польшаның Освенцим қаласында арнайы тексерістен өткізілгеннен кейін 36 жеке трофейный батальоны құрамында болып, соғыстан қираған тұрғын-жайларды тазалау және тағы басқа жұмыстарда істейді. 1946 жылдың қаңтар айында Балтабек Тұрсынбаев болған 36 батальон Брес-Литовски қаласына жіберіледі де, сондағы Кеңес әскерлерінің қатарында болып, 1946 жылы мамыр айында Кеңес әскерлерінің қатарынан босатылып, елге қайтады.

Әскерден босатылғаннан кейін Алматы қаласына келіп, 1946 жылы қыркүйек айында Қазақ педагогикалық институтына оқуға түседі. Бірақ сол жылдың қазан айында денсаулық жағдайына байланысты

оқуын жалғастыра алмай, оқудан шығарылады. 1947 жылдың сәуір айынан бастап, Алматы қаласындағы тері өңдеу зауытында жоспарлаушы-экономист болып істейді. Балтабек Тұрсынбаевтың мұндағы қызметі ұзаққа созылмады. Жау тұтқынында болғандардың бәрін «жау» көріп, қырғидай тиіп, тұтқындап жатқан кезеңде оның зардабын тартқандардың біріне айналған ол, 1947 жылы 30 қыркүйекте Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігінің «Отанға опасыздығы үшін» деген қаулысы бойынша тұтқындалады. Айыптау ісі бойынша оған: «Тұтқында болған кезде Отанға опасыздық жасады, кеңес армиясына және партизан отрядтарына күресу үшін немістер құрған «Түркістан легионына» кіріп, онда командалық басшылық лауызымында болды және кеңес мемлекетіне қарсы жаулық жұмыстарды жүргізді» деген айыптар тағылды. (Алматы қалалық полиция департаментінің архиві. Қор-04727, іс-246. п 42).

## Жазықсыз жандар ақталсын

Көріп отырғанымыздай, Балтабек Тұрсынбаевты «Отанға опасыздық жасады» деп айыптап, оны соттауға ешқандай негіз жоқ болатын. Және тапсырманы орындау барысында жау қолына абайсызда тұтқынға түсіп қалғаны болмаса, басқадай оның Отан алдындағы жазығы жоқ еді. Бірақ ол жалпы жау қолында тұтқынға болғандарға тағылған негізсіз айыптаулардың дүрмегімен сотталып кете барды.

1939 жылдан әскер қатарында болып, үш жылдай жау тұтқынында азап тартып, сол тозақты оттан елге аман-есен оралып, бейбіт өмірге енді кіріскен, әлі үйленіп, жанұя да құрып үлгермеген азаматтың тағдыры мыңдаған соғыс тұтқындарының аянышты тағдырынан хабар береді. Оған тағылған негізсіз айыптаулардың осы уақытқа дейін алынбағаны өте өкінішті.

Мәселен, «Түркістан легионына» қатысы бар деген айыппен 1947 жылы 8–18 сәуір аралығында Алматы қаласында атышулы «49-дың соты» болды. Оларға «Әлихан Бөкейхановтың, Мұстафа Шоқайдың, Тұрар Рысқұловтың, Файзолла Ходжаевтың, Сәкен Сейфуллиннің, Темірбек Жүргеновтің, Сұлтанбек Қожановтың істерін алға апарушы, революцияға қарсы күрес жүргізуші, неміс қарулы күштерінің барлаушылары» деген айыптар тағылды. (Т.Көлбаев, Өшпес даңқ. Алматы: Азия арна, 2013. б. 233). Осы айыптаулар бойынша шығарылған 11-адам ату жазасын, 4 адам –

*Жалпы қазақстандық деңгейде алатын болсақ, қазақ жауынгерлерінің ішінде соғыс тұтқынында болып, елге оралғандардың барлығына «Түркістан легионында» болды деген айып тағылып, тергеуге алынғаны мәлім. Олардың барлығының тарихы бір жақты көзқараспен бағаланып, жазықсыз айыпты болып келді.*

25 жылға, 20 адам – 20 жылға, 9 адам – 15 жылға, 4 адам – 10 жылға және жалғыз әйел Шәрифа Сәдуллаева 7 жылға түрмеде отыру жазасын алды. Бірақ 1947 жылы маусымда КСРО жоғарғы кеңес президиумы «Ату жазасы барлық елдер бойынша тоқтатылсын» деген қаулы шығарып, «49-дың» бәрі де тірі қалады. Олар кейіннен біртіндеп кешірімге ие болғанымен, ақталмады.

**Міне, сондықтан да соғыс тұтқындары тарихын қайта қарап, жазықсыз жазаланған, негізсіз айыпты болып келген соғыс ардагерлерінің ісіне лайықты баға беретін уақыт келді деп есептейміз.**

Досалы САЛҚЫНБЕК.

## Тауқыметті тағдырлар

Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы осы күнге дейін әлі әділ бағасын ала алмай келе жатқан мәселенің бірі – соғыс тұтқындарының тауқыметті тағдыры. Шетелдік зерттеушілердің дерегі бойынша соғыстың алғашқы жылында кеңес әскерлерінің қатарынан 4,5 миллион адам тұтқынға түскен екен.

Жау тұтқынында болған өзіміздің қандастарымызға келетін болсақ, соғыстың алғашқы жылы жау қолына түсіп, тағдырдың тауқыметін көргендердің қатарында қазақтар да баршылық еді. Соғыстың алғашқы айларында атақты Брест қамалын ерлікпен

қорғап, қаза тапқандардың ішінде қазақтардың көп болғаны белгілі. Қамалда қалғандардың тағдыры соғыстан кейін де ешкімге керек болмады. Сталин өлген соң ғана зерттеле бастады. Оны қорғаған он мыңдай жауынгердің үш жүздейі ғана тірі қалыпты.

Ақиқатына жүгінетін болсақ, тұтқындардың көпшілігі жау қолына жаралы болып, контузия алып түссе, кейбіреулері жау тылында тапсырма орындау кезінде ұсталып қалғандар. 1942 жылы Харьков түбінде біздің үш армия қиратылды. 240 мың адам тұтқынға түсті. Солардың ішінде қазақтың талай боздақтары кетті.

## Тұтқын



Балтабек ТҰРСЫНБАЕВ

Қазақстандық майдан жауынгерлерінің арасында жау тұтқынында болып, оның бар ауыртпалығын басынан кешірген және одан аман шығып елге оралғаннан кейін «Отанын сатқан» күдікті ретінде есіміне қара таңба жағылып, тағы да екінші қиындықты басынан кешіргендердің бірі – Балтабек Тұрсынбаев еді.

1939 жылдың қазан айынан Балтабек Тұрсынбайұлын Алматы облысы, Кеген аудандық әскери комиссариаты әскер қатарына шақырғаннан кейін, оның әскердегі өмір жолы басталды.

1941 жылы Кеңес халқы үшін Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін Балтабек Тұрсынбаев әскери қызметін өтеп жүрген полк 1941 жылдың қазан айында майданға жіберіледі. Ол 1941 жылдың қазан айынан 31 желтоқсан аралығында Москва түбіндегі Малоярославль бағытындағы кеңес-

герман соғысына қатысып, өзінің Отан алдындағы борышын өтейді.

Балтабек Тұрсынбаевтың соғыс жылдарындағы екінші өмірі 1941 жылдың 31 желтоқсанынан басталды. Осы күні дивизион командирінің 1-ші батарея командирімен байланысты қалпына келтіру жөніндегі тапсырмасын орындау барысында неміс барлаушыларының қолына тұтқынға түседі.

Балтабек Тұрсынбаев 1941 жылдың 31 желтоқсанынан 1944 жылдың 2 маусымы аралығында немістердің тұтқынында болған. Алғашқы кезеңде немістер басып алған аумақтағы тұтқындар лагерінде болса, 1943 жылдың ақпан айынан бастап, Германиядағы тұтқындар лагеріне ауыстырылып, Дюсселдорф, Волфин қалаларындағы тұтқындар лагерлерінде бомбылаудан кейінгі қала көшелерін тазарту, цемент зауытында және тағы басқа жұмыстарды атқаруға жегіледі.

Осы тұтқында болған кезеңінде тұтқында отырған жауынгерлермен бірге үш рет қашып шығуға әрекет жасайды. Тек жаудың қолынан 1944 жылы маусым айында ғана қашып шығып, Чехословакияның Моравска-Острава қаласының жанындағы Родотины селосына келіп, ондағы чех шаруаларымен танысып, олардың жол көрсетіп, бағыт беруімен Ян Жижка атындағы бірінші Чехословак партизан бригадасына барып қосылады. Балтабек Тұрсынбаевтың жеке ісінде Ян Жижка атындағы партизан отряды бастығының арнайы мөрімен растап берген куәлігі бар. Онда Балтабек Тұрсынбаевтың партизан отрядының құрамына 1944 жылдың 20 тамызы мен 1945 жылдың 5 мамыры аралығында болып, жауға қарсы күресте белсенді түрде қатысқаны ресми (чех және орыс тілінде) түрде расталған.





САРАПТАМА

# НАРЫҚ ЖӘНЕ ИНФЛЯЦИЯ

## Қазіргі қаржылық-экономикалық ахуал қандай?

**Геосаясатпен қоса аймақтағы, тұтас ғаламдағы қаржы-экономикалық ахуал да күн сайын құбылуда. Біз оны Алматының сауда орындарындағы тұрақсыз, күн сайын өсіп отырған баға мен айырбас пункттеріндегі валюта бағамынан аңғарамыз.**



Екеуі де Алматының ауа райы сияқты: «түске дейін – бие, түстен кейін – түйе». Қор биржасындағы саудаға орай, Алматыда күніне екі мәрте – сағат 11.00 мен 15.00-де теңгенің шетел валютасына шаққандағы ресми бағамы шығарылатыны белгілі. Ғаламдық валюта доллар шіркiнiң тұрақсыз болып тұр. Кәдімгі кесір келiншектiң қылығы дерсiң, түске дейiн – долданады, түске қарай – бұлданады, ал кешке қарай... сабасына түсiп, ырыққа көнедi.

Қазіргі ағымдағы орташа бағам 446,87 теңге.

Бұл – біз көтеріп отырған мәселенің бір қыры.

«Байтал түгіл бас қайғы», бәрінен бұрын елді алаңдатып отырған мәселе азық-түлік, коммуналдық төлемдер бағасына байланысты. Баға мен бағам мәселесін реттейтін басты құдіреттің инфляция екені айтпаса да түсінікті. Сондықтан алдымен елдегі осы инфляция мәселесіне тоқталайық. Деректерге

қарағанда, айлық инфляция мөлшері біршама бәсеңдеп, сәуірдегі 3,7 пайыз бен наурыздағы 2 пайыздың орнына мамыр айында 1,4 пайыз болды.

Іс жүзінде бұл – жақсылықтың нышаны. Алайда, инфляцияға байланысты «жылдық мөлшер» деген өлшем бар. Соған сәйкес ҚР Ұлттық банкінің төрағасы Ғалымжан Пірматов Үкімет отырысында Қазақстандағы инфляция деңгейі мамыр айында жылдық мөлшерде сәуірдегі 13,2 орнына 14 пайызға көтерілгенін мәлімдеді.

Айлық инфляция мөлшерінің баяулауына келсек, ол үміт күттіретін жағдай.

Дегенмен, жылдық инфляция мөлшерінің өсуі алдымен азық-түліктік емес тауарлар бағасына әсер етуде. Оның қазіргі өсімі 11,1–11,9 пайыз шамасында. Төлемді қызметтер инфляциясы қызмет түрлерін жүйелеуге мораторий жарияланғанына қарамастан, 9,1 пайызға артыпты.

Ұлттық банктің болжамы бойынша, жыл соңындағы инфляция деңгейі 13–15 пайыз шамасында болуы мүмкін.

Бағдарлы шаралар барысында инфляция деңгейі болжамды мөлшерден төмен түсуі де ықтимал. Мәселен, жанар және жағар май материалдарының бағасын тұрақтандыру арқылы азық-түліктік емес тауарлар бағасын тұрақтандыруға болады деп есептейді сарапшылар.

Ұлттық банк 2023 жылғы инфляция мөлшерін есептей келіп, оның қарқыны 7,5–9,5 пайызға дейін тежеледі деп болжам жасады. Алдымен оған қаржы-несие саясатындағы шаралар, сыртқы инфляциялық қысымды біртіндеп төмендету онтайлы әсер етуі мүмкін.

Енді халықты алаңдатып отырған басты сауалға тоқталайық. Ол «қазіргі қымбат-

шылық заманында Қазақстанда аштық болуы мүмкін бе?» дегенге саяды.

Таяуда осы мәселеге байланысты қазақстандық сарапшы Андрей Чеботарев «басы – қатты, аяғы – тәтті» өз болжамын жариялады.

Алдымен Чеботарев болжамының «қаттысына» келейік. Оның айтуынша, алдағы уақытта Қазақстанда азық-түлік 50 пайызға дейін қымбаттауы мүмкін. Чеботаревтің пайымынша, барлық импортқа тәуелді мемлекеттер сияқты Қазақстан да қазіргі геосаяси жағдайда тұрақсыз логистикадан зардап шегуі мүмкін. Ол дегеніңіз – бір мемлекеттің тауар тасымалдауын шектеуі, ал екіншісінің қажетті тауар көлемін ала алмауы.

«Қорқыт, қорқыт дегенде, осылай қорқыт деп пе едім?!» демекші, Чеботарев мырза осылайша жүйкені бір жүндеп алып, әңгімесін «жалпы, қазақстандықтарға төніп тұрған аштық қауіп жоқ» деп түйіндейді.

– Уһ!.. Аузыңа – май, астыңа – тай, Чеботарев! – деп әлбетте бір жеңілдеп қаласың мұндайда...

Сарапшының айтуынша, Қазақстан негізгі тауарлармен, атап айтқанда, бидаймен, нағмен өзін-өзі толық қамтамасыз ете алады. Тіпті болжанып отырғандай, биыл 13 млн тонна астық алынса, біраз өнімді экспортқа шығаруға мүмкіндігі бар көрінеді.

Сөз арасында айта кетуге тиістіміз, қазіргі өзінде әлемде, әсіресе, Таяу Шығыста ықтимал қатердің шеті көрініп қалды. Алла Тағала ондайдан қазақты сақтасын деген тілек бар.

Міне, қазіргі қаржылық-экономикалық тұрғыдағы ахуал осындай.

Өмірзақ МҰҚАЙ.

ЖЕТІСУ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ НАЗАРЫНА!

# ИЕСІЗ ИТТЕН ҚАУІП КӨП

## «Құлагерде» қаңғыбас иттер қаптап жүр

**Бет қатталып жатқанда редакциямызға «Құлагер» ықшамауданының тұрғындары хабарласып, аулаларында қаңғыбас иттер көбейіп кеткенін айтып, шағымданды.**



Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



«Жазғы демалыс басталды. Күн ыстық. Балалардың үйде отырмайтыны белгілі. Барлығы аулада ойнайды. Алаңдай-тынымыз, мынадай қаңғыбас иттер ауламызда қаптап кетті. Иттерден балалар емес, үлкендер – біз де қорқамыз. Жақында ғана Ақтөбеде орын алған қайғылы оқиға көпшілігімізге сабақ болған жоқ па?! Осы мәселеге байланысты ауданымызда неге жұмыс атқарылмайды», – дейді олар.

Тұрғындар жанайқайы орынды. Өйткені, шынымен де, қаңғыбас иттен келер қауіп көп. Төртаяқтының қауіптілігі сол, олардың бойында құтырма ауруы болады. Эхинококкоз, листериоз сияқты жұқпалы аурулар да осы иттерден тарайды. Онымен

ауырған иттің мінез-құлқы, жүріс-тұрысы өзгеріп, оғаш қылықтар көрсетеді. Себебісі үріп немесе үретін жерде үрмей, адамдарға, айналадағыларға тап беріп, көзіне көрінген заттарды – ағашты, тасты шайнай бастайды. Үрген дауысы қырылдап, аузынан сілекей бөлінеді. Ал егер ол байлаулы тұрып, абайсызда босанып кетсе, ол бірден жолдағы кездескен адамдарға тап беруі мүмкін. Міне, осындай белгілері байқалған сәтте иттер адамға тап берсе, өлім қаупіне әкеледі. Сондықтан көше кезген иесіз иттерді дер кезінде тиісті орындарға хабарлау әркімнің міндеті.

Ресми статистикаға көз жүгіртсек, өткен 2021 жылы Алматыда 3500-ге жуық адам қаңғыбас иттен

зардап шеккен. Ал биыл, жыл басынан бері мегаполисте 1400-ден астам адамды ит қапқан. Ең қорқыныштысы, әлгі иттердің басым бөлігі қаңғыбас иттер екен.

Алматы қалалық ветеринария қызметінің басшысы Әдіс Сейдахметовтың айтуынша, қаңғыбас иттер туралы барлық акпарат ветеринария қызметіне келіп түседі. Сол сәтте арнайы мамандар қаңғыбас иттерді шұғыл ұстап әкеткеннен кейін, оларды арнайы оқшаулайтын орындарда қамап ұстайды. Бұл жерде ит-мысық атаулының бәрі үш күнтізбелік күн аралықта тамақтандырылып, асырау жағдайы қарастырылған. Егер осы уақыт аралығында қожайындары іздеп келмесе немесе асырауға сұрап алынбаса, ол ит-

мысықтарды Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған дәрілік жолдармен жансыздандыру тәсілі қарастырылған. Барлық өлекселер мал қорымдарда, биотермиялық шұңқырларда жою арқылы жүзеге асырылады.

Осы тұста Алматы қаласының аумағында ит пен мысыққа құтыруға және эхинококкозға қарсы вакцина салынатынын айта кеткеніміз жөн. Естеріңізде болса, сәуір айында Алматыда үй жануарларын тегін чиптеу бағдарламасы іске қосылған болатын. Бағдарлама аясында Алматыдағы 15 мың үй жануары тегін чиптеумен қамтылмақ.

«Ойды ой қозғайды» демекші, жұмыстан қайтып бара жатқанда

автобуста қасымда отырған әжейдің мына бір әңгімесі есіме түсіп отыр. Терезеден сыртқа қарап отырып, көшеде ит жетектеп бара жатқан жас жігітті көрген соң айтты білем:

– Ит өсіріп, ұнамай қалса жөніне жіберіп, қаңғырған күшіктерді көбейткенше, неге бір қой бағып, қозы төлдетпейміз? Сосын келіп ит ату керек дейміз. Балам, әр нәрсенің де киесі болады. Сақтық үшін сақтасаң, үйіңнен шығарма. Жануардың да, адамның да обалына қалма! Осы күні ысырап көп. Кешеден қалған тамақ та, қалған нан да қоқыста жатады. Иесіз иттердің өсіп-өнуіне сеп болып жатқан да осындай, жоққа бере алмайтын тоқтықтың көрінісі емес пе, – деп еді... Рас, бір қарағанда, қаңғыбас иттердің көбеюіне біз өзіміз де себепшіміз... Десек те, иесіз ит иттігін жасауы мүмкін. Өйткені қаңғыбас ит айтқанына көніп, айдағанына жүретін тәртіпті «дос» емес.

**Ендеше, тұрғындардың өтінішін Жетісу ауданының әкімі ескерусіз қалдырмай, қатаң бақылауға алады деп сенеміз. Ол үшін иесіз иттерді жоятын прокуратура, полиция және сала мамандарынан мобильді топ құрылуы тиіс. Қаңғыбас иттердің көзін жойып, санын азайтпаса, уақыт өте келе, олар қоғамға өте үлкен зиян келтіруі бек мүмкін.**

КЕРЕК КЕҢЕС

• Жалпы, иттер – өте тез көбейетін жануар. Мамандардың айтуынша, олар 6 айдан 12 жылға дейін күшіктейді.

• Егер қаңғыбас иттер тұтқиылдан тап беріп, абайсызда тістеп алса, тездетіп дәрігерге келу керек екенін естен шығармаңыз.





## ИНКЛЮЗИВТІ СПОРТ

CHILDREN PARALYMPIC GAMES –  
ерекше фестиваль

Қазақстанда CHILDREN PARALYMPIC GAMES инклюзивті спорт фестивалі басталды. Балалар жылы аясында ұйымдастырылған іс-шара Қазақстанның 16 қаласынан келген 350 «ерекше» бала мен жастардың басын қосып отыр.

Қатысушылар бейімделген 10 спорт түрінен сайысқа түседі: бочча, голбол, шығыс жекпе-жегі (каратэ, тазквондо, дзюдо), футбол, инклюзивті хореография, жүзу, жеңіл атлетика, 7\*7 футбол.

– Бұл қазақ спорты үшін, еліміздің паралимпиадалық қозғалысы үшін айтулы оқиға және нағыз мереке. Осы ойындарды ұйымдастырушыларға, әсіресе, ұйымдастыру комитетіне, жаттықтырушыларға, атлеттердің өздеріне және олардың туыстары мен жақындарына

ризашылығымды білдіремін. Бұл ойындар спорттық ерлік пен табандылықтың, әлеуметтік интеграция мен инклюзивтіліктің, құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігінің салтанатын көрсетеді. Сіздер өзгеріс елшілерісіздер. Сіздердің жеңіске деген ерік-жігерлеріңіз қоршаған әлемді позитивті өзгертуге, миллиондаған адамдарды шабыттандыруға арналған, – деді ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев.

Спорт фестивалі мүмкіндігі

шектеулі балалар мен жастарды тұрақты дене белсенділігіне шақыру, спортпен шұғылдануға ынталандыру және мүгедек адамдардың спорт әлеміндегі түйткілді мәселелеріне жұртшылық пен мемлекеттің тиісті назарын аудару мақсатында ұйымдастырылды. Барлық қатысушылар спорт түрлері бойынша әртүрлі алаңдарда диагнозына арналған жіктемеге сәйкес және «тең мүмкіндіктер» қағидаты бойынша басқа өңірлерден келген қарсыластармен жарысқа түседі.

CHILDREN PARALYMPIC GAMES-пен қатар паралимпиадалық спорт түрі – боччадан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтеді. Чемпионаттың мақсаты – үздік боччистерді анықтап, олардың одан әрі Паралимпиадаға қатысуларына мүмкіндік жасау.

## ФУТБОЛ

## «ҚАЙРАТ» ЖЕҢДІ

Қазақстан чемпионатының 14-турында алматылық «Қайрат» «Мақтаарал» командасын 1:0 есебімен жеңді.



Халықаралық ойындарға байланысты үзілістен кейін Қазақстан чемпионаты өз жалғасын тапты. «Орталық стадионда» алматылық «Қайрат» Түркістан облысының командасы «Мақтааралды» қабылдады. Кирилл Кекердің ойыншылары кездесудің алғашқы минуттарынан бастап өз алаңында еркін қимылдады. Турнирлік кестеде соңғы тұрған түркістандық команданың қарымта шабуылынан «Қайраттың» қорықпайтыны байқалды. Матчтың бірінші бөлігінде «сары-

қара» команданың шабуылдаушысы Артур Шушеначев үш бірдей қауіпті сәтті өз пайдасына шеше алмады. Қарсылас команданың қорғанысын кесіп өткен екі бірдей пастан кейін Шушеначев допты оң қапталдан қысық тепті. Егер ойын нәтижесінде «Қайрат» жеңіске жетпегенде, Артур өз мүмкіндіктерін пайдалана алмағаны үшін үлкен қысымның астында қалар еді.

Кездесудің екінші жартысы екі команда тарапынан да баяу басталды. Дегенмен, қарсыласын

әлсіздік көрсетіп алдағандай болған «Қайрат» ойыншылары 50 минуттан кейін қарқынын қайта күшейтті. 55-минутта «Мақтааралдың» бар қорғанысын асып өтіп, доп қақпашымен бірге-бір шыққан 21 жастағы алматылық шабуылдаушы Вячеслав Швырцевтің аяғына түсті. Жас ойыншы өз мүмкіндігін сәтті пайдалана алған жоқ. Тағы бір шабуылдардың бірінде «Қайраттың» үздік футболшыларының бірі, 11-ші нөмердегі Жоао Пауло да есеп аша алмады. 70-минутта түркістандық команда ереже бұзғаннан соң, қонақтарының қақпасына жақын жерде айып добы белгіленді. Сол қапталдан әуелете көтерілген допқа «сары-қара» команданың қорғаушысы Виктор Васин бірінші жетіп, гол соқты. Бұл – 4-ші нөмерлі ойыншының осы маусымдағы екінші добы. Нәтижелі пасты тағы бір қорғаушы Егор Ткаченко берді. 97-минутта «Мақтааралдың» шабуылдаушысы Шериддин Бобоевтың қауіпті соққысы болмаса, ойын соңына дейін есеп өзгермеді.

Қазақстан чемпионатының өзге де ойындарына қысқаша шолу жасап өтейік. Тартысты ойында «Ордабасы» ойыншылары «Таразды» 3:2 есебімен жеңді. «Атырау» өз алаңында «Ақтөбеге» екі доп есе жіберді. «Астана» Павлодардың «Ақсуын» 5:0 есебімен ес жиғызбай жеңді. «Тобыл» «Каспийдан» бір допқа басым түсті. «Тұран» мен «Ақжайық» 1:1 есебімен тең ойнады.

## АУЫР АТЛЕТИКА

ЖАЛПЫ ЕСЕПТЕ  
БІРІНШІМІЗ!

Қазақстандық зілтеміршілер жалпы командалық есепте бірінші орын алды.

Ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында Қазақстан құрамасы жалпы командалық есепте бірінші орын алды. Айта кеткен жөн, әлем чемпионаты 11–18 маусым аралығында Мексиканың Леон қаласында өткізілді. Дүбірлі додада қазақстандық ауыр атлеттер 4 алтын, 1 күміс, 2 қола медаль иегері атанды. Нәтижесінде жалпы командалық есепте бірінші орын алды. Әлем чемпионатында ел құрамасынан Ерасыл Сәулебеков (67 келі), Едіге Емберді (73 келі), Денис Полубояринов (80 келі), Никита Абдрахманов (102 келі) чемпион атанып, әлем алдында Қазақстан туын көкке көтерді.



Надежда Ли (62 келі) күміс алса, Александра Беленко (40 келі) және Ерасыл Омаров (55 келі) қола жүлдеге ие болды. Жалпы командалық есепте Колумбия және Түркия құрамалары үздік үштікті түйіндеді.

## ГИМНАСТИКА

## КҮМІС ПЕН ҚОЛА ҚОЛДА

Катардың Доха қаласында спорттық гимнастикадан Азия чемпионаты аясында финалдық жарыстар өтті.



Қазақстандық Нариман Құрбанов ат үстінде жаттығуда Азия чемпионатының күміс медалін 14.800 ұпай есебімен жеңіп алды.

Бірінші орынды Иорданиядан келген гимнаст (15.255), қола

медальді Қытай өкілі (14.600) иемденді. Сондай-ақ, әйелдер арасындағы жарыста Дарья Ясинская төртінші, ал Көркем Ербосынқызы турнирді алтыншы орында аяқтады.

Келесі күні қазақстандық гимнаст Милад Карими Азия чемпионатында қола медаль жеңіп алды. Карими белтемірде жаттығуда 14,133 ұпай жинап, үшінші орынға ие болды. Бұған дейін Карими Токиодағы жазғы Олимпиадада Қазақстан атынан өнер көрсеткен. Айта кеткен жөн, турнир қорытындысы бойынша спорттық гимнастикадан Қазақстан құрамасы әлем чемпионатына толық құраммен іріктелді.

## БОКС

## АИДА – GBO ЧЕМПИОНЫ

Қазақстандық боксшы Аида Сатыбалдинова (5-2-1, 2 KO) АҚШ-тың Калифорния штатындағы Коммерс қаласында чемпиондық жекпе-жек өткізді.



Отандасымыз гаитялық Джанка Павиласпен (3-5-1, 1 KO) күш сынасты. Айтылған жекпе-жек титулдық сипатта болды – GBO нұсқасы бойынша жеңіл салмақтағы чемпион белбеуі алты раундтық кездесуде сарапқа салынды. Жекпе-жек қорытындысы бойынша төрешілер жеңісті бірауыздан Аидаға берді. Осылайша жерлесіміз кәсіби мансабында алтыншы жеңіске жетіп, GBO чемпиондық белбеуін жеңіп алды. Ал Гаити аруы үшін бұл рингтегі алтыншы жеңілісі болды.

Айта кеткен жөн, Аида Сатыбалдинова үш жылдық үзілістен кейін бірінші рет қолғап түйістірді. Соңғы рет қазақстандық спортшы 2019 жылдың шілдесінде рингке шыққан.

Бетгі әзірлеген Досбол АТАЖАН.





## ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

### ЕГЕР:

\* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

\* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

\* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне  
ЖАРНАМА беріңіз де,  
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;

8 (727) 232-36-56.

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

### ЕГЕР:

\* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

\* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:  
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

## ЖАЗҒЫ МЕКТЕП

# ЖАС АРХИВШІЛЕР БАС ҚОСТЫ

Жаңа технологиялар, архив  
жұмысындағы заманауи әдістер  
ұсынылды



Гүлжанат  
СЕМБАЕВА

2017 жылдан бастап жыл сайын өткізіліп келе жатқан Халықаралық жазғы мектептің биылғы бесінші жиыны Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің базасында өтті.

Аталған шараға Әзербайжан, Армения, Беларусь, Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Моңғолия, Ресей және Өзбекстаннан 300-ден астам архивші қатысады. V Халықаралық жазғы мектеп қатысушылары үшін Беларусь, Қазақстан, Қытай, Моңғолия, Оңтүстік Корея, Өзбекстан және Ресейдің ғалымдары мен тәжірибелі мамандары архив ісі бойынша дәріс оқыды.

Жас архившілердің Халықаралық жазғы мектебі жас мамандардың біліктілігін арттыруға, жаңа технологиялар мен архив жұмысындағы заманауи әдістермен танысуға, архив саласындағы халықаралық қатынастарды дамытуға бағытталды.

Ашылу рәсіміне Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің, Ресей, Беларусь, Қазақстан мен Өзбекстан архив мекемелерінің басшылары қатысты.

«Alatay Aqparat» ЖШС ұжымы медиахолдингінің қызметкері Қуаныш Хабаеваға ағасы  
**Дәнеш Жапарханұлы ХАБАЕВТЫҢ**  
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Евразия пресс» ЖШС ұжымы Агенттіктің бас директоры Иргібаева Куянда Сеитқызына жұбайы  
**Жумабек КАПИШОВТЫҢ**  
дүниеден озуына байланысты туған-туысқандарына, отбасына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## ЦИФРЛАНДЫРУ



## Оқырман талабы



Гүлжанат  
МАРАТҚЫЗЫ

Ұлттық кітапханада 95 мыңнан астам  
кітап цифрлық форматқа көшірілді.

Қолданыстағы авторлық құқық туралы заң нормалары оқырманға заманауи авторлардың шығармаларын цифрлық форматта толық оқуға мүмкіндік бермей отыр. Бұл туралы құқық иелерінің республикалық конференциясы барысында ҚР Ұлттық кітапханасының директоры Бақытжамал Оспанова айтты. Электронды кітапханада ұлттық кітапхананың 20 мың құжаты бар.

«Авторлық құқық мәселесі кітапхана жұмысына да қатысты. Ұлттық кітап қорын сақтау және басылымдарды барынша қолжетімді ету – ұлттық кітапхана мен республика кітапханаларының басым бағытының бірі. Кітап қорын сақтаудың бір жолы – баспа басылымдарын цифрлық форматқа көшіру. Осыған орай, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында кітапханада электронды кітапханаларды қалыптастыру үшін кітап қорын ауқымды цифр-

ландыру жұмысы жүргізіліп жатыр. Шығармаларды сандық түрге аударуға автордың келісімінсіз ол қайтыс болғаннан кейін 70 жылдан кейін ғана рұқсат етіледі. Ол уақытта бұл маңызды болмай қалуы мүмкін. Бір жағынан, кітапханалар шығарма авторларының құқығын құрметтеуге, екінші жағынан, олардың еңбегін пайдаланушылардың білім беру, ағарту және ғылыми қызметіне кеңінен пайдалануын қамтамасыз етуге міндетті. Бүгінгі таңда біз авторлармен 70-ге жуық келісім-шарт жасадық. Авторлық құқықты қорғау саласындағы ұлттық заңнамада әлі де болса кітапханалардың цифрлық ортадағы маңызды және қоғамдық ақпаратқа қолжетімділік орталықтары ретіндегі құқығын көздейтін арнайы бап болуы керек. Өйткені, Беларусь елінде осындай заң қабылданған», – деді ҚР Ұлттық кітапхана директоры Бақытжамал Оспанова.

## ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

## Үш қалада 5G желісі іске қосылады

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі тың жоспарларымен бөлісті

Елімізде 5G желісін 2022 жылдың соңына қарай республикалық маңызы бар қалалар – Алматы, Нұр-Сұлтан мен Шымкент қалаларында, ал 2023–2025 жылдары облыс орталықтарында іске қосу жоспарланып отыр.

«Министрлік Қазақстан Республикасы аумақтық принцип негізінде радиожилілік спектр (бұдан әрі – РЖС) тарату бөлігінде 5G желісін енгізу стратегиясын әзірледі. Үздіксіз 100 МГц жолағын бөлу мүмкіндігі бар 3,6 – 3,9 ГГц диапазонындағы жиіліктер белгіленді. Сондай-ақ, Қазақстанда 5G технологиясын енгізу және іске асыру мерзімдері белгіленген», делінген ведомство мәлідемесінде.

Қазіргі таңда байланыс операторлары ұсынылған мәліметтерге сәйкес бірқатар жұмыстарды атқарып үлгерген. Мәселен, «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС пилоттық 5G желісін Алматыдағы үш жерде іске

қосқан. Олар – Желтоқсан көшесі, 115 мекенжайында орналасқан «Қайсар Плаза» сауда-кеңсе орталығы, Панфилов көшесіндегі Абай атындағы МАОБТ-тан Төле би көшесіне дейінгі аралықта және «Медеу» биік таулы спорт кешенінде. «К-селл» АҚ Алматының Арбатында (Нұрсұлтан Назарбаев пен Жібек жолы даңғылдарының қиылысы) 5G технологиясын тестілеуді іске қосып отыр. «Кар-Тел» ЖШС NARXOZ University (Жандосов к-сі, 55) және Тимирязев көшесі, 28 В мекенжайындағы «Гранд Алатау» бизнес орталығы аумағында 5G технологиясын тестілік режимнен өткізе бастады.

Бұл жаңашылдықтар тағы екі қалада жүзеге асырылуда. Мәселен, «Қазақтелеком» АҚ Нұр-Сұлтан қаласында «Astana Hub» IT стартаптар халықаралық технопаркі аумағында пилоттық 5G желісін іске қосса, Шымкент қаласында базалық станцияны («Shymkent Plaza» CO) орнату орны анықталды. Бүгінде 5G технологиясының сынақтары техникалық сатыда жүргізілуде.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Бас директор –  
**Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ**

Қабылдау бөлмесі:  
232-36-61.

Бас редактор –  
**Төрехан ДАНИЯР**  
тел.: 232-36-53

Бас редактордың  
орынбасары –  
**Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**

Жауапты хатшы –  
**Серік ЖҰМАБАЕВ**

Жаңалықтар мен ақпарат  
бөлімінің редакторы –  
**Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің  
редакторы –  
**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және  
тұрғын үй-коммуналдық  
шаруашылық бөлімінің  
редакторы –  
**Құралы ИМАНБЕКҚЫЗЫ**  
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –  
**Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ**,  
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –  
**Куаныш ДЮСКАЛИЕВ**,  
тел.: 232-36-51.  
e-mail: d\_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің  
менеджері –  
**Дана ӘЛМЕШ**,  
тел.: 232-36-56. e-mail:  
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму  
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –  
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:  
**Мұрат ӘУЕЗОВ,**  
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**  
**Сейітқазы МАТАЕВ**

Газетті жеткізу бойынша  
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ  
Алматы почтамтына: 259-88-99  
(ішкі 20500, 20018) телефондары  
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:  
**«Alatay Aqparat» ЖШС.**  
alatayaqparat@mail.ru  
Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі  
күндері шығады.  
Апталық  
таралымы – 18 663

Кезекші редактор –  
**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPU00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің  
электронды нұсқасы  
«AIR ASTANA»  
әуе компаниясы бортндағы  
жолаушыларға қолжетімді.**





## «Мен бақытты баламын»



Рая  
ЕСКЕНДІР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Осыған орай, биыл еліміз бойынша балаларды қорғауға, сапалы біліммен қамтуға, денсаулығын нығайтуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Осынау мерекелі жыл аясында Бостандық ауданындағы №140 бөбекжай-балабақшада да өткізіліп жатқан іс-шаралар легі аз емес.

Мәселен, «Халықтың қолөнері» атты іс-шараға тек балалар ғана емес, олардың ата-аналары да белсене атсалысып, керемет көрме ұйымдастырылды. Бұл ретте балабақша мен ата-аналар арасындағы байланыстың бар екені байқалады. Сонымен қатар, дәл қазіргі қоғамда айналаны қоршаған ортаның тағдыры баршамызды алаңдатып отырғаны жасырын емес. Осы мәселеге орай, «Қоршаған ортаны қорғау» тақырыбында таза ауада өткен дәріс балаларға табиғатты қорғау бағытында берілген пайдалы іс-шара болды. Табиғатты қорғау арқылы адамзатты сақтап қалуға болатыны баса айтылды.

Балаларды қорғау жылына арналған мерекелік іс-шаралардың төресі «Мен бақытты баламын» деп аталды. Бұл мерекелік бағдарлама барысында бүлдіршіндер өздерінің асқақ арманын сурет тілімен жеткізді. Олар асфальтқа сурет салу арқылы бейбіт өмір мен ашық аспанды айшықтады. Осы ретте бөбекжай-балабақша меңгерушісі Шаттық Әбішқызы былай дейді:

– Біздің алдымызда үлкен міндет тұр. Жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты баланы өсіріп тәрбиелеу әрбір ата-ана мен балабақшаның міндеті. Сондықтан еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты – ой-өрісі жаңашыл, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан, дені сау тұлға тәрбиелеу. Мектепке дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Болашағымыз болып табылатын балаға жүйелі білім, дұрыс бағыт беріп, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан балабақша жұмысына денсаулық сақтау технологияларын енгізу қажеті заман талабынан туындап отыр.

ЗЕРДЕ

# БҮЛДІРШІНДЕРДІ ҚҰТҚАРҒАН БАТЫРЛАР

Мың жасаған шаһардың шежірелі тарихында талай-талай тағылымды, қастерлі жылдар мен күндер бар. Солардың бірі осыдан 54 жыл бұрын – 1968 жылы 19 маусымда бүкіл қаланы дүбірлеткен батырлық хикаяты.

19 мамыр өткен дәуірдің айтулы мерекесі – «Пионерлер күні» ретінде тарихқа жазылып қалғаны белгілі. Кеңестік дәуірде пионер болған аға буын үшін ыстық көрінетін бұл мереке күні редакциямызға өзін Тағай деп таныстырған оқырманымыз келді. Ағаның бізге келуі бекер емес екен. Қаланың ардақты тұрғыны осыдан 54 жыл бұрын 19 маусымда Алматыда орын алған қайғылы оқиғаны айтып, сол күні балаларды құтқарып, қапыда ерлікпен қаза тапқан екі сарбазды еске алу үшін редакциямызға арнайы келіпті. Мейман бұл оқиғаны сол кез өз көзімен көргенін айтады. Сондықтан ары қарай тарихқа көмілген қала хикаясынан сыр шерту үшін оқиғаны Тағай ағаның естелігімен баяндайық...

«1967 жылы әскерге барып, Алматының 70-ші разьезінде 33-700-34 әскери бөлімінде қызмет қылдым. Осы кездері Юрий Директорчук және Анатолий Духович есімді екі жігітпен таныстым. Бірінші кездескенімде бойларынан батырлық байқамап едім. Алайда, сын сағаты келгенде екеуі де ерлікпен қаза тапты...

Кеңестік заманда екі жыл борыш өтейтінбіз. Әскери қызметімнің екінші жылы біздің штаб «Түркістан әскери округіне» «Орталық Азия әскери округіне» өтті. Штаб орталығы бүгінде Төтенше



жағдайлар департаменті орналасқан Шевченко мен Қонаев көшелерінің қиылысында еді. Осы орталыққа жетісіне бір-екі рет барып, жұмыс істеп кетемін. Күндердің бір күнінде терезеден соққан салқын самалмен шабыттана сурет салуға отырғанмын. Сөйткенімше болған жоқ, рота командирі «біздің жігіттер аварияға түсті, тез жинал» деп бұйрық беріп, жолға шықты. Бүгінгі Қазыбек би мен Достық көшелерінің торабына барсақ, айнала қоршалған, милиция бөтен ешкімді кіргізбейді. Рота командирі рұқсат алған соң, біз авария болған аймаққа барып, өртенген оттан қарайған қаңқасы қалған көлікті көрдік. Ішінде болған Юрий мен Анатолийді әлдеқашан жедел жәрдем қызметкерлері алып кетіпті.

Оқиға былай болған: Ол кез ауыс-түйіс заман ғой. Алматыда қарқынды құрылыс жүріп жатыр. Біздің жігіттер Медеу мұз айдынын



салып жатқан құрылысшыларға бензовозбен солярка тасиды. Сондай күндердің бірінде бар жұмысын бітіріп, Юрий мен Анатолий Медеуден шығып, Достық көшесімен қайтып келе жатады. Жол ортасына келгенде көліктің тежегіші істемей қалмасы бар ма? Ал енді ешкімді соғып кетпей бірнеше тоналық алып көлікті тоқтату керек. Содан біреуі рульді ұстап, біреуі пиджағын шеше көшедегі адамдарға «Жолдан қашындар, тежегіш істемейді» деп айқалап, көшемен төмен қарай күлдилай береді. Бүгінгі Абай даңғылынан өте бергенде бір жеңіл көлікті сырғаны болмаса, «28 Панфиловшылар» паркіне дейін ешкімге зақым келтірмей өтеді. Екі сарбаз саябаққа жақындай бергенде онда алаңсыз қыдырып жүрген бір топ пионерлерді көреді. Құздан түскен көліктің қайтсе де тоқтамасын білген жігіттер жас балаларды құтқару

үшін рульді оңға бұрып, бұрыштағы ағашқа қарай бұруға мәжбүр болады. Сөйтіп, пионер балғындарды аман алып қалу үшін саналы түрде көлікті ағашқа бағыттайды. Жанар-жағар май таситын көлік қатты соққыдан әп сәтте-ақ отқа оранып, өртеніп кетеді. Балаларды ажалдан құтқарған екі жігіт сол орында мерт болып, осылайша ерлікпен қаза табады.

Айтылған оқиға 19 маусым күні болса да, Тағай аға жыл сайын «бүлдіршіндері құтқарған батырлар» деп әскерде бірге болған достарының ескерткішіне дәл осы «Пионерлер күнінде» гүл шоқтарын қояды екен. Оқиға орнында бүгінде ескерткіш-тақта тұр. Құрметті оқырман, осы бір ескерткіштің жанынан өтсеңіз, сіз де бейбіт күннің батырларының рухына тағзым етіп, бас не өтіңіз.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ЕРМЕКТЕМЕ



## СӨЗЖҰМБАҚ

1. Төсек
2. Президентке хат жазған оқушы
3. Балақай
4. Балалардың сүйікті кейіпкері
5. Балалардың «досы»
6. Режиссер
7. Кинокартина
8. Балаларды қорғау күні қабылданған конвенция
9. Балаларға қорған орган
10. Ең аяулы сөз
11. Жылы ұя

Құрастырған  
Нұр ЖАМАЛ.